ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№44 (3472) 3 маусым 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТУЫ ЖЫҒЫЛҒАН ЕЛДІҢ РУХЫ ӘЛСІРЕЙДІ

Тілі, діні, ділі, нәсілі әрқилы адамдардың ғана емес, олардың түрлі деңгейдегі қауымдастықтарының символикалық айырым белгілерінің тарихы өте ерте заманнан басталады. Ал мемлекеттік рәміздер атауының өзі айтып тұрғандай елдің дербестігін айқындайын ең басты нышан саналады.

Мәселен, қазіргі таңда халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдап, нығайту мақсатында құрылған ең мәртебелі халықаралық ұйым саналатын БҰҰ деңгейінде мойындалған мемлекеттердің саны әлемде – 193. Яғни, БҰҰ жүйесіндегі ұйымдар мен құрылымдардың барлық іс-шараларында осы елдердің ғана мемлекеттік рәміздері қолданылады. Жетістігі арқылы әлемдік қауымдастықта өзінің ұлты мен ұлысының мәртебесін асырып, абыройын асқақтату әрбір халықтың өкілі үшін зор құрмет.

(Соңы 2-бетте)

ҚАЗЫНАДА ҚАРАЖАТ БОЛМАСА МИНИСТРЛЕР КӨЛІК ҚАТЫНАСЫНСЫЗ ҚАЛА МА?

3-бет



«РӘМІЗДІ ҚОРЛАҒАНДАР КЕШІРІММЕН ҚҰТЫЛМАУЫ КЕРЕК»

5-бет

ЕЛ АЛҒЫСЫНАН АРТЫҚ ҚҰРМЕТ ЖОҚ

6-бет

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

«КӨТЕРЕ АЛМАЙТЫН ШОҚПАРДЫ БЕЛІҢЕ БАЙЛАМА!»

Ипотека – бұл тұрғын үй немесе басқа жылжымайтын мүлік сатып алу үшін банк ұсынатын несие. Әр мемлекет үшін маңызды істердің қатарында тұрғын үй мәселесі тұрары анық. Тұлға жекеменшік баспанаға қол жеткізу үшін ипотека мен оның тиімді бағдарламаларына жүгінеді. Содан болар банктердегі арнайы бағдарламалар бойынша ипотекаға деген сұраныстың азаймауы да түсінікті жәйт.

Соңғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда жастарға арналған жеңілдетілген ипотека бағдарламасын 2025 жылға дейін кеңейту жоспарланып отыр. Осы негізде жалпы жалдамалы тұрғын үй беру қызметі мен оның банктерде орындалуы, негізгі талаптары мен несие мөлшерлемесі жайында оқырманға біраз мәлімет бере кетейік. kz.kursiv.media сайтында жарық көрген «Кредит төлейтін ақшаңыз жоқ болса не істейсіз?» атты мақалада көпшіліктің бас ауруына айналған бұл мәселеге қатысты ақыл кеңестер беріліпті.

Кредит алар кезде көбіміз өз мүмкіндігімізді бағамдай алмай қаламыз. Көтере алмайтын шоқпарды белімізге байлап, мүмкіндігіміз келе бермейтін несиеге ұрынамыз. Өмірде әртүрлі оқиғалар болатынын ескерсек, басында несиесін тәп тәуір төлеп жүрген азаматтардың аяқасты ондай мүмкіндігі болмай қалуы, әртүрлі қиындықтарға тап болуы мүмкін екендігі ғажап емес. Сол себепті, алдағы бірнеше айда қаржылық ахуалды түзей алмайтындай болса, кредитті не істеуге болады? Осы жөніндегі сайт кеңестеріне жүгінсек, олар ең алдымен банкпен арада мәміле болу қажеттігін айтады.

Банкпен арада мәміле керек

Басыңызда кредит болып, оны төлемей жатқаныңыз үшін менеджер хабарласса, одан қашпаңыз. Осыны жақсылап жадыңызда сақтап алыңыз. Себебі, жауапкершіліктен қашқан клиенттің күнін қараң ету қаржы ұйымына ештеңе емес. Соңында соттасып, артық шығынға батып кетуіңіз мүмкін. Әрі кешіктірген әр күн үшін қосылатын өсімақы тағы бар. Сол себепті, жағдайыңызды түсіндіру үшін алғашқы қадамды өзіңіз жасап, банкке барыңыз. Қарызыңызды ғайыптан тайып ұмытып кетеді, кешіре салады, өсімақы қосуға ұмытып кетеді деген – бос үміт. Әрине, сіз келді екен деп құшақ жая қарсы алып, пайыз қоспай не кредитіңізді жаба салмасы анық. Дегенмен, мұндай жағдайда екеуара мәмілеге келу жолдарын сұрастырып, бірнеше айға шегерім жасату секілді нұсқаларды қарастырып көріңіз.

Мысалы, төлемді бірнеше айға шегеру деген бар. Мұнымен былтыр карантин кезінде қазақстандықтар етене жақын танысқан болар. Әдетте мұндай нұсқа клиенттің өте ауыр жағдайға тап болған кезінде қарастырылады. Көбіне банктің келіспеуі де мүмкін. Өйткені, үш не алты ай бойы төлем алмау ақша айналымына әсер ететіні белгілі. Десе де, жалпы сомадан банк ешқандай ұтылмайды. Мұнда кесірін көретін өзіңіз боласыз. Себебі, шегерім алу деген – сол төлемеген айларды келесі айлардағы төлемдерге қосып, нәтижесінде бұрынғыдан көбірек сома төлеп отыруға міндеттеуді білдіреді. Сондықтан соңғы амалы осы дегенде ғана қолданған жөн.

(Соңы 3-бетте)

ТАЛҚЫ

РЕФЕРЕНДУМ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАУЫ МА?

КОНСТИТУЦИЯҒА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ МАҚСАТЫНДА ЕЛДЕ 2022 ЖЫЛДЫҢ 5 МАУСЫМЫНДА ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ. САНАУЛЫ КҮНДЕРІ ҚАЛҒАН САЯСИ ІС-ШАРАҒА КӨПШІЛІК ДАЙЫН БА? ХАЛЫҚТЫҚ ТАЛҚЫ ҚАЛАЙ ЖҮРІП ЖАТЫР? ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 33 БАБЫНА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАУЫ БОЛА АЛА МА?

Қоғамда референдум жайындағы пікір әртүрлі. Оны БАҚ беттерінен көпшілік оқып, көріп, біліп отыр. Әлеуметтік желі мен интернеттің дамыған заманында ел өміріндегі елеулі шаралардан тыс қалу мүмкін де емес.

(Соңы 8-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТУЫ ЖЫҒЫЛҒАН ЕЛДІҢ РУХЫ ӘЛСІРЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан да Алаш қайраткерлері: «Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін. Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады, бірінші – бай тілі, екінші – байтақ жері» (А.Байтұрсынов). «Мемлекеттігі жоқ халық – жетім әрі жетекшіл халық. Мемлекеттігі жоқ халық – еліктегіш халық»(Ә.Бөкейханов), – деп бүгінгі Қазақстанның территориясын айқындауға және мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Өйткені, мемлекеттігі жоқ ел – жетім ел екенін айғақтайтын нәрселер өте көп. Ана тілінде сөйлетін адамның саны көп болғанымен, ата-бабасынан мирас болып қалған жері болмағандықтан әлі күнге дейін өзінің дербес мемлекеті жоқ халықтар әлемде аз емес. Тарихқа көз жүгіртер болсақ өмір бәйгесінде атын оздыра алмаған мұндай халықтар бұрын да болған, қазір де бар, болашақта да бола береді. Себебі, бірлігі жоқ халықтың ұлт болып ұйысуы қиын.

Қазақ хандығы жойылғаннан кейін, халқымыз алдымен патшалық Ресейдің, одан кейін Кеңес одағының құрамындағы көп республикалардың бірі боп қалған еді. Өз жеріне өзі ие бола алмай, оның асты мен үстіндегі байлықты өзгелермен еріксіз бөлісіп келген Қазақстанның қазіргісі мен бұрынғысын салыстырғанда айырмашылық жер мен көктей деуге болады. Сондықтан ҚР Конституциясының 9-бабында «Қазақстан Республикасының рәміздері – Туы, Елтаңбасы және Әнұраны бар. Олардың сипаттамасы және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық заңмен белгіленеді» деп жазылған.

Өкінішке қарай, мемлекеттің басты нышаны саналатын Ту, Елтаңба және Әнұранды пайдалану тәртібіне қатысты заңбұзушылықтар жыл өткен сайын көбеймесе, азаяр емес. Бұл мәселе әрдайым жұртшылық арасында қызу талқыланып жүргенімен, қолданыстағы заңнамадағы азаматтық және қылмыстық жауапкершілік бойынша сот шешімімен тағайындалған жаза көпшіліктің көңілінен шығып жатқан жоқ. Ел тұрғындарының көз алдында мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетін кемсіту жағдайлары орын алғанда құқық қорғау органдары кінәлілерге кешірім сұратып, әкімшілік айыппұл салумен ғана шектелуде. Заңдағы олқылықты пайдаланған кейбір азаматтар мен шетелдіктердің бірқатар әрекеті кей жағдайда әдейі жасалғандай әсер қалдырады. Өйткені, Мемлекеттік рәміздерге құрметсіздікті Қылмыстық кодекстегі қылмыс пен қылмыстық теріс қылық ұғымдарының арасындағы айырмашылықпен бағалау көңілге қона қоймайды. Тіпті, «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» деп аталатын баптағы атаудың өзі қазақтың дүниетанымы үшін құлаққа ерсі естіліп, көзге түрпідей тиеді.

Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдардың заң терминдері мен ұғымдарының сөздігінде (Астана: «Қазақстан Республикасының заң шығару институты» ЖШС, 2007.–1000 б.): қорлау, яғни, басқа адамның ар-намысы мен қадір-қаситетін әдепсіз түрде кемсіту. Криминологиялық терминдердің түсіндірме сөздігінде (Нәбиев Ж.Н. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2013. – 87 б.) «бір мекеменің не нақты тұлғаның ар-намысын қорлайтын мәліметтерді жария ету: оның жала жабудан айырмашылығы – таратылатын мәліметтердің шындыққа сай келуі болып табылады» деп анықтама берілген қорлау ұғымы мемлекеттік рәміздерде құрметсіздікке жақын екенін түсінуге көп нәрсенің қажеті жоқ. 15 томдық Қазақ әдеби тілінің сөздігінде (10-том. Құраст.: М.Малбақов, Н.Оңғарбаева, А.Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011, – 752 б.) қорлау сөзінің қорла етістігінің қимыл атауы екені және оның басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту деген мағынада қолданылатыны көрсетілген.

МАМАН ПІКІРІ

Арман ЖҰМАДІЛ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты:

– Қазақ халқының мемлекеттік рәміздерінің тарихы әлі де арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ. Жекелеген зерттеушілер тарапынан тарих пен мәдениеттің өзара байланысына қатысты ғана айтылады. Мысалы, Елтаңбаның (герб) шығу тарихы таңбалармен байланысты. Ру-тайпалардың таңбасы кішкене зерттелген. Бірақ бүгінгі геральдикамен байланыстырылмаған. Қола дәуірінен бергі тудың эволюциясын зерттеп жатқан ешкім жоқ. Байқасаңыз бір де-бір музейде қазақтың тулары сақталмаған. Себебі, орыс басқыншылары ұлт-азаттық көтерілістерді басқан кезде ру-тайпа туларының түгел көзін құртқан. Олар қазақ халқының дүниетанымын, ұлттық құндылықтарын әбден зерттеген. Ту жығылса, халықтың сағы сынатынын, рухы өлетінін білген. Өкінішке қарай, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» заңында ұлттық дүниетаным ескерусіз қалған. Оған өзгерістер мен түзетулер енгізу қажет. Мемлекеттік тудың қолданылу аясын ресми шаралармен шектемей, ұлттық рухтың қайнар көзі ретінде оның мүмкіндігін кеңірек ашу керек. Мысалы, АҚШ-та мемлекеттік ту барлық жерде қолданылады. Ол азаматтардың күнделікті көз алдында тұрады. Мемлекеттік ту бейнесін киім-кешекке дейін қолдану оны қастерлемейді деген сөз емес қой.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

СОҢҒЫ ШЕШІМДІ ШЫҒАРАТЫН – СОТ

Сот – мемлекеттегі үш биліктің бірі. Сот дауды шешетін, сотталушылардың қылмыс жасаған, жасамағанын анықтап, қылмыс жасағаны дәлелденбесе ақтап, дәлелденсе, жаза тағайындайтын орган. Дау, қылмыс орын алмаған жерде соттың қажеті жоқ. Бұрын барлық істер бір сотта қаралатын болса, қазір соттар мамандандырылған. Даулар мәніне байланысты, қылмыстар санатына байланысты тиісті соттарда қаралады. Кез келген келісім мен шешілмеген мәселе де сотта қаралады. Бір мекеменің қызметкері әртүрлі себептермен бір-бірімен соттасып жатады. Қай кезде де соңғы шешім шығаратын – сот.

Сол себепті сот жүйесі өте жауапты сала. Осындай маңызды қызметті атқаруға лайық болуы үшін, судьялықтан үміткер жандарға қойылатын талап күшейтілген. Яғни, үміткер емтихан тапсырып, 1 жылдық тағылымдамадан өтуі тиіс. Одан кейін судьялық қызмет өтілі 20 жылға жеткенше, әр 5 жыл сайын кезекті аттестациядан өтеді. Судья әрдайым сауатын арттырып, ел Конституциясы мен заңдарын, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларының талаптарын басшылыққа алуы керек.

Судьялық әдеп кодексінің қағидаларын қатаң сақтап, берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыс көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормасын мүлтіксіз сақтауға, сот билігінің беделін түсіретін және судьяның абыройына нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекеттен аулақ болуы тиіс.

И.ДОСЕТОВ,
Маңғыстау облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

ӘДІЛЕТ

ЖАҢА КОДЕКС – ЖАҢА ТАЛАП



Зауреш САТХОЖИНА,
Алматы қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары және Әдеп жөніндегі уәкіл

Мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іске асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.Мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі және қызметтік әдеп мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру мақсатында ел Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді.

Жаңа редакцияда кодекстің құрылымы өзгертіліп, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Ондағы алты қағидат – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарланушылық. Айта кету керек, мемлекеттік қызметшілерге мұндай талаптар бұрынғы кодексте де қойылған. Бірақ, жаңа редакцияда ашықтық және клиентке бағдарлану қағидатына басымдық берілген. Осыған орай, мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің негізгі тұтынушысы саналатын халықтың талабына барынша икемді, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болуы және өз жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидалары мен Әдеп жөніндегі кеңестер туралы ережеге өзгерістер енгізілді.

Тәртіптік жаза қолдану қағидаларында қызметтік тергеп-тексеру, тәртіптік комиссия материалдарын қарау тәртібі және тәртіптік комиссияның ұсынымы бойынша уәкілетті адамның шешім қабылдау мерзімі нақтыланды. Тағы бір ерекшелік – мемлекеттік қызметшілерге лауазымдық өкілеттіктерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәде бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау талабы қойылады.

Сонымен бірге, Әдеп жөніндегі комиссия – облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімі орынбасарларының, облыс пен қала аудандары әкімдерінің, облыстардың әкімшілік орталығындағы қала әкімдерінің, комитет төрағаларының, сондай-ақ, облыс әкімі аппараты басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны және мемлекеттік қызметке сөз келтіретін теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілігін қарауға өкілетті.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз әрекетінің алдын алуға бағытталған.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Тәуелсіз еліміздің дербестігін жариялайтын құндылықтар – мемлекеттік рәміздер. Әр ел өз рәмізінде мемлекетінің тарихын, болашағын, ұлттық рухын, салт-дәстүрін, ерлігі мен кемеңгерлігін бейнелейді. Мысалы, біздің Туымызда – қазақ халқының қыран бүркіттей қырағылығы мен батылдығы, ою-өрнек арқылы мәдениеті мен салты, ашық аспан арқылы болашағы кескінделген.

ЕЛДІК НЫШАННЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК БОЛСЫН

Ануар ДАУРЕШОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы Байқоңыр аудандық сотының судьясы

Мемлекеттік рәміздерді – елдің бетке ұстар құжаты, Әнұранды – қысқаша Ата Заңымыз деуге де болады. Жалпы, кез келген елде билік басындағылар, саяси жүйелер ауысып, өзгеріп отырғанымен, мемлекеттік рәміздер елдің тарихы секілді өзгертілмейді. Оның құндылығы да осында және оны құрметтемеу заң алдында жауапкершілікке алып келеді.

Биыл қабылданғанына 15 жыл болатын «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заңында мемлекеттік рәміздерді пайдалану тәртібі көрсетілген. Қылмыстық кодекстің 372-бабында мемлекеттік рәміздерді қорлағандарға айыппұлдан бастап екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолданылады. Ал, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 458-бабы бойынша жеке және заңды тұлғалардың Мемлекеттік рәміздерді заңсыз пайдалануы, сондай-ақ, мемлекеттік рәміздерді пайдалану міндетті болып табылатын жағдайларда оларды пайдаланбау ескерту жасауға немесе 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады. Сол сияқты, ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келмейтін Мемлекеттік Туды заңсыз дайындаған тұлғаларға да әкімшілік айыппұл салынады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Туды пайдалануға қатысты қолданыстағы мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларын қайта қарау бастамасын көтерген болатын. Үкімет қаулысымен 2020 жылы ҚР Мемлекеттік Туын, Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ, Әнұранның мәтінін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларына өзгеріс енгізілді. Соған сай, мемлекеттік Туды азаматтар ғимараттарда (тұрғын үйлерде және тұрғын емес үй-жайларда), оның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда патриоттық сезімін, қазақстандық бірегейлікті білдіру, елдің, оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында пайдалана (орнату, орналастыруға) алады.

Көк байрағымыздың қолданылу аясы кеңейгені қуантады. Дегенмен, оның жөнін, талабы мен тәртібін баршамыз білгеніміз жөн. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елін, жерін қорғаған ата-бабаларымыз тудың төмен түспеуін қатты қадағалаған. Себебі, тудың төмен құлауы – тудың ғана қорланғаны емес, бүкіл ұлтты, бүтін бір елді қорлау болып саналады. Сондықтан туды көлденең ұстауға да заң аясында жол берілмейді.

Біздің рәміздер еліміздің өзіндік өмір салтын, болмыс-бітім ерекшелігін, өзгелермен байланыс орнату мұратын білдіретін айрықша белгі болып табылады. Көк байрағымыздың көгімізде желбіреп, Әнұранымыздың әлемдік ареналарда шырқалуы үшін ел тарихында қаншама қан төгілгенін білеміз. Сондықтан оны әрбіріміз өз биігінде ұстап, қорғауға күш салуға тиіспіз. Елдің елдігін, мемлекеттің мәртбесін паш ететін нышанды құрметтеу әрбір қазақстандыққа парыз.

САРАП

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ШЕҢБЕРІНДЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ МЕХАНИЗМІ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен айналысады. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, жеке және заңды тұлғалар – осы кодексте реттелетін істің қатысушылары.

Кодексте билік пен халық арасындағы дауды қараудың негізгі қағидаттары бар. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің Азаматтық процестік кодекстен айырмашылығы көп. Мұнда талап арыз берілген сәттен бастап іс сотта қозғалған болып есептеледі. Адам өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жатпайды. Дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттік органға жүктеледі. Егер мемлекеттік орган өз шешімінің заңды және негізді екенін дәлелдей алмаса, ол іс бойынша жеңіледі.

Сот мәлімделген талаптармен шектелмейді. Енді сот тараптарға арыздағы талаптарын дұрыс көрсетуге, тіпті, оның түрін өзгертуге дейін көмектесе алады. Ал кодекс бойынша арыздың төрт түрі бар – даулау, мәжбүрлеу, іс-әрекетті жасау және тану туралы. Енді судьялар тараптарға көмек ретінде жекелеген құқықтық мәселелер бойынша алдын ала өз пікірін айтуға құқылы. Кодекс мемлекеттік органдарды тәртіпке келтіреді.

Сондай-ақ, процестік мәжбүрлеу шарасының бірі ретінде ақшалай өндіріп алу енгізілді. Мемлекеттік органдармен дау кезінде тараптардың татуласу мүмкіндігі бар. Сот өз шешімінің орындалуын бақылайды және қамтамасыз етеді.

Қорыта келе, бұл халық үніне құлақ асатын мемлекет құрудың тиімді құралы, жаңа заңнама билік пен бағыныстылықтың арасындағы теңсіздікті жояды, халықтың сотқа деген сенімін арттырады.

Ж.КУНАЕВА,
Мұғалжар аудандық №2 сотының судьясы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

«КӨТЕРЕ АЛМАЙТЫН ШОҚПАРДЫ БЕЛІҢЕ БАЙЛАМА!»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әйтпесе, айына 120 мың теңгені төлеудің өзіне қиналған адамға үш айдан кейін 150 мың теңге қылып төлеу оңайға соқпасы анық. Бұл енді жеті рет өлшеп, бір рет кесетін жағдай.

Бұдан бөлек, қарызды қайта құрылымдау әдісі бар. Яғни, банкпен келісе отырып, кредит шартын қайта қарастырып, төлемді азайтуды сұрау. Бұл да батпанқұйрық емес. Себебі, төлемді азайтса, сәйкесінше мерзімі ұзартылады. Мәселен, кредитті 5 жылға рәсімдеген болсаңыз, қайта құрылымдау арқылы 7 жылға соза аласыз. Сонда ай сайынғы төлем азаяды. Айтпақшы, мерзімнің шегі бар. Оны да банк белгілеп, нақтылап айтады.

Қалай келісуге болады?

Банк бөлімшесіне барардан бұрын шегерім не шарттарды қайта қарауға негіз болатын барлық құжатты жинап апарыңыз. Жұмыстан шығып қалсаңыз, сол туралы анықтама немесе ауырып қалсаңыз, тиісті еңбекке жарамсыздық парағын дегендей. Яғни, осы күнге дейін төлеп келе жатып, неге төлей алмай қалғаныңызды құр сөзбен емес, нақты дәлелмен түсіндіре алсаңыз дұрысырақ. Сонымен бірге бос уәде беруден аулақ болыңыз. Егер келесі айда төлей алмауыңыз мүмкін болса, «бәрін қатырамын» деп сендірген жөн емес.

Бір кредитті жабу үшін екіншісін алған дұрыс па?

Көпшіліктің қолданатын тәсілі десек, артық болмас. Себебі, ақшадан тарыққанда осыдан өзге амал жоқ деп, келесі айда бір реті болар деген үмітпен айлық төлем үшін кредит алып жататындар бар. Мұны енді аса ұтымды шешім деуге келмес. Өйткені, мойныңызға артылған жүк салмағы ауыр тарта түседі.

Төлемесем, не болады?

«Амалым қанша?» деп қанша жерден өлердегі сөзіңізді айтсаңыз да, банктің кредитті түбегейлі кешіре салуы мүмкін емес. Ал енді оған қоса ашуына тиіп, жоқ болып кетсеңіз, жағдай тіпті қиындайды. Коллекторлар хабарласып, сізді ала алмаса, тума-туысыңызды түгендеп кетеді. Негізі қарызды қайтармай жатсаңыз, банк ақшаны сот арқылы талап етуге әбден құқылы. Сот істі қарап, қарыз сомасын белгілеп, есептейді. Мұндайда тығырыққа тірелген клиент жағдайын түсініп, оған да жеңілдеу шартпен төлеуге мүмкіндік беруі ғажап емес. Мысалы, қарызды бірден емес, бөліп-бөліп төлеуге рұқсат етеді. Дегенмен істі сотқа апармай, бұл туралы екеуара шешкен әлдеқайда оңайырақ. Бұл жүйкені де, уақытты да, ақшаны да үнемдейді. Ақшаны дейтін себебіміз – іс сотқа дейін жетсе оның шығыны мойныңызға артылады. Сөйтіп жағдайыңыз тіпті ауырлай түседі.

Банк алдымен қарызды менеджерлері арқылы сұратады. Кейін тәртіпсіз клиент екеніңізді байқағанда іске коллекторларды қосады. Ал олардың бар шаруасы – қарызды қалайда қайтаруды талап ету. Сөйтіп мазаңызды алып, күніне бірнеше мәрте хабарласады. Елімізде коллекторлық агенттік қызметкерлерінің мәдениетсіздігіне қатысты сын жиі айтылады. Әйтсе де, заң аясында олардың сізді қорқытып, қоқанлоққы көрсетуге еш құқығы жоқ екенін ұмытпаңыз. Бұдан да нәтиже шықпаса, әрмен қарай іс сотқа кетеді.

Банкрот болу тығырықтан шығар жол ма?

Бұл енді шарасыздықтың шегі десек болатын шығар. Дегенмен банкрот деп жариялаған бойда қарыз мойныңыздан алып тасталады деп ойламаңыз. Негізі бұл әдіс үй өртеніп, бүкіл мүлік тәркіленіп, аурудың кесірінен мүлдем жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылғанда жасалады. Бұл жағдайда сіздегі бар мүлік саудаға салынады. Тіпті, төленіп бітпеген, жалғыз ғана үйіңіз болса да тартып алынады. Былайша айтқанда, қалтаңыздағы соңғы тиынға дейін санап бересіз. Әрі мұның бір жаманы елден шығуға тыйым салынып, басшылық қызметке болашақта тағайындатпайтын, кредит бергізбейтін етіп тастауы мүмкін.

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Айбар ОЛЖАЙ,
«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ бас менеджері:

«Біздің ипотека жалпыхалықтық, әлеуметтік санатқа арналған»

– Жастарға арналған жеңілдетілген ипотека жайында толығырақ айта кетсеңіз?

– Бізде әзірге республика бойынша нақты жастарға арналып жасалған мақсатты ипотека жоқ. Біздің ипотека: жалпы халықтық немесе әлеуметтік санатқа арналған (әлеуметтік әлсіз топтар). Белгілі бір топтарға арналған ипотека «Отбасы Банк» арқылы беріледі. Жалпы халыққа арналған ипотекада «7-20-25» бағдарламасы жұмыс істейді. Ал жалпы жастарға арналған атаулы бағдарламаларға тоқталсам: Ол тек қана аймақтық/өңірлік деп қарастырылады. Мәселен, Алматы қаласының өзіндік аймақтық бағдарламасы бар («Алматы жастары»). Нұр-Сұлтан қаласында «Елорда жастары» атауымен аймақтық бағдарлама іске қосылған. Одан өзге кейбір аймақтар жас мамандарды тарту мақсатында аймақтық ипотекалық бағдарламаларды іске қосып жатады. Бірақ қаржыландыру әкімдіктен болғандықтан, қаржылай көмекті көп деп айта алмаймыз. Шамамен 1 млрд қаржыны құрайды. Салыстырмалы түрде бұл 100-ге жуық адамды қамтуы мүмкін.

– Қазіргі уақыттағы банктер мен ипотеканың мөлшерлемесі қандай?

– Коммерциялық ипотекалар базалық мөлшерлемеден жоғары болады. Ол – 14 %. Барлық банктегі коммерциялық ипотекалар болса, шамамен олар 18 % және одан да жоғары болады. Бізде пайызы төмен тек қана мемлекеттің қатысуымен жасалатын мемлекеттік бағдарламалар. Олар: Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі ол «Отбасы Банк»-те берілетін бағдарламалар. Айта кетейін, егер үш жылдық депозит болса, бағалау көрсеткіші (ОП) 16-ға жетсе, ипотеканы 5% - бен алуға болады. Ал «7-20-25» бағдарламасы, өзі аты айтып тұрғандай, 7%, одан бөлек жаңадан шығатын субсидияланатын ипотека – 11-12%-ды құрайды.

– Банктер арасында қайсы банкті тиімді деп көрсете аласыз?

– Нақты тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесімен айналысатын – «Отбасы Банк». Өзінің атауы айтып тұрғандай, тек қана тұрғын үй мәселелерімен айналысады. Одан өзге «7-20-25» бағдарламасы. Оған қатысатын банктердің бәрінде бағдарламаға сай бір ғана шарт қолданылады. Яғни, барлығына ортақ – несие 7% . Бұл бағдарламаға қатысатын банктер тізімі:

Халық банк; Сбербанк; ЦентрКредит Банкі; Freedom Finance Bank; Jusan Bank; Altyn Bank; Bank RBK; Еуразиялық Банк; Қорытындылай келе, банктер бойынша емес, жалпы «Отбасы Банк» және «7-20-25» бағдарламасын тиімді деп айта аламын. Ал банктің өзінің коммерциялық ипотекалары жоғарыда айтқандай, 18%-дан жоғары.

– Айбар мырза, жедел сұхбатыңызға көп рақмет. Жұмысыңызға табыс тілеймін!

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

ТҮЙТКІЛ

Жұрттың жылдар бойы жалақысы өспей, қарапайым жұрт қарызға белшеден батып жатқанда миллиардтар министрлердің жол шығынына кетіп жатыр. Үкімет үнемділікке үйретіп, үлгі болудың орнына сала басшылары сан миллионды іссапарларға ғана шығындап жүр.

ҚАЗЫНАДА ҚАРАЖАТ БОЛМАСА **МИНИСТРЛЕР** КӨЛІК ҚАТЫНАСЫНСЫЗ ҚАЛА МА?

Миллион тұратын жол шығын

Жақында Сауда министрі Бақыт Сұлтанов Алматы мен Талдықорғандағы екі күндік іссапарына 10 миллион теңгеге жуық қаражат жұмсаған. Осынша қаражат шенеуніктің Алматы мен Алматы облысына барған сапары үшін қарастырылыпты. Министр алдымен Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен, артынша Алматы облысының әкімі Қанат Бозымбаевпен Талдықорғанда кездескен. Шекара аспай-ақ, ел ішінде жүріп екі әкіммен кездесуі үшін бюджеттің 9 миллион 600 мың теңгесі шығындалған. Қоғам наразылығынан соң ғана Сауда және интеграция министрлігі өкілдері Премьер-Министрдің орынбасары-ведомство басшысы Бақыт Сұлтановқа қатысты түсініктеме берді. Олардың сөзіне сенсек, Бақыт Сұлтанов көп жағдайда эконом класпен ұшады екен. Бірақ бұл жолы министр аймақтарға шұғыл жетуі тиіс болыпты. «Бизнес-класс эконом класта билеттер болмаған жағдайда ғана шұғыл жағдайларда ұшуға тура келді. Үкіметтің «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге арналған шығындарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Премьер-Министрдің орынбасарларын бизнес класс тарифі бойынша әуе көлігімен тасымалдауға рұқсат етілді»,– деп хабарлады министрліктің баспасөз қызметі. Нақты жағдайда мәселелерді сол жерде шешу үшін бірқатар мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен тұратын делегацияның ұшып шығу қажеттілігі болғандықтан, арнайы пайдаланылған көрінеді. Бірақ Бақыт Сұлтановтың іссапарға жұмсаған 9 миллион 600 мың теңгесі нақты кімдердің, қандай маманның шығынына кеткені туралы ақпарат көрсетілмеген.

Бизнес класс кімдерге арналған?

«Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге арналған шығындарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулыға сәйкес, мемлекеттік мекемелердің басшылары мен орынбасарлары, орталық мемлекеттік органдардың аппарат басшылары, Конституциялық Кеңес мүшелері, Президент кеңсесінің бастығы, сондай-ақ, депутаттар мен Жоғарғы Соттың судьялары Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларына іссапарға барса, жатын орындары үшін тәулігіне АЕК-тің он еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда жеті еселенген, аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалаларда және Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде бес еселенген мөлшерден аспауы керек. Ал мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін уақытша жатын орындарын жалдау Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда алты еселенген, аудан орталықтары, аудандық маңызы бар қалалар мен Ақмола облысы Бурабай ауданының Бурабай кентінде төрт және ауылдық округтерде АЕК-тің екі еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Сонымен бірге, баратын жерге және кері қарай жол жүру бойынша көрсетілген жол жүру құжаттарының негізінде теміржолмен жүрген кезде – купе вагонында жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орындық купе керек. Су немесе тас жолдармен жүрсе, жергілікті жерде қолданылып жүрген жол жүру құны бойынша, ерекше жағдайларда орталық мемлекеттік органның аппарат басшысының өкіміне сәйкес теміржол көлігімен жол жүрген кезде жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орындық купе тарифтері, әуе көлігімен болса экономикалық класс тарифі қолданылады. Енді мемлекеттік орган басшысы мен орынбасарлары, оларға теңестірілген тұлғалар, орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы, мемлекеттік мекеме басшысына әуе көлігімен жол жүрген кезде экономикалық класс тарифі беріледі. Ал Сенат пен Мәжіліс төрағалары мен орынбасарлары, Жоғарғы Сот төрағасы, Премьер-Министрдің орынбасарлары, Мемлекеттік хатшы, Президент Әкімшілігінің басшысы мен орынбасарлары, Тұңғыш Президент Кеңсесінің басшысы мен орынбасарлары, Елбасының көмекшілері, Президент көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Президент кеңсесінің бастығы, сондай-ақ, оларға теңестірілген тұлғалар әуе көлігімен жол жүрген кезде «Бизнес» класс тарифімен ұшады.

Министрлердің миллиондаған жол шығыны бүгін ғана айтылып жатқан жаңалық емес. Есте болса, кезінде Премьер-Министрдің орынбасары Роман Склярдың Ақтауға барған сапарында тек бір бағыттағы ұшағына 12,5 миллион теңге жұмсалғаны мәлім болған. Былтыр да бұқаралық ақпарат құралдарында жылына 516 миллион қаражат Премьер-Министр кеңсесінің жайлы ұшып-қонуы үшін жұмсалатыны белгілі болып еді.

Есеп тыңдау да ерекше екен

Жол шығынына қатысты қаулыға сүйенсек, шұғыл жетуі тиіс ерекше сапар қандай? Бұл елден тыс жерге, транзитпен жүріп өткен кезде, көлік құралдары болмаған немесе іссапар шұғыл болғанда жасалады. Вице-премьер ақпанның 15-нде Алматыға ұшып барған. Ол мұнда қала әкімімен жиналыс өткізіп, сауданы дамыту және бағаны тұрақтандыру бойынша мәселені талқылаған. Ертесі Талдықорғанға атбасын тіреп, бұл жерде де облыс әкімінің есебімен аймақтың мәселесін тыңдаған. Біз білмейтін бұл сапарда қандай қауырт мәселе қаралғанын қайдам, әйткенмен, әкіммен кездесуді зум арқылы онлайн өткізуге де болады. Бетпе-бет кездесу ұйымдастыру маңызды болған күннің өзінде бір жарым сағаттық әуе көлігінің эконом класын неге пайдаланбасқа?! Мүмкін елмен бірге әуе жолаушылар кемесіндегі халықтың айтарын тыңдап, аймақтағы мәселенің төркінін түсінуге мүмкіндігі молынан болар еді.

Сенатор Нұрлан Бекназаровтың пікірінше, шенеуніктердің іссапарына кеткен шығынның тиімді тұсын қарастыратын уақыт жетті. «Атқамінерлердің жеке ұшақпен, арнайы бортпен ұшуы қаншалықты тиімді? Мысалы, депутаттар жоспарлы түрдегі іссапарлардың барлығына эконом класпен ұшамыз. Берген орнына отырып, тіркеу жасатып, көппен бірге кез келген аймаққа, халықпен кездесуге уақытында барып жүрміз. Ал мемлекеттік қызметтегі лауазым иелерінің жол шығындарына мол қаражат жұмсалатыны жайлы соңғы уақытта жиі айтылып жүр», – дейді сенатор. Сондықтан Нұрлан Бекназаров азаматтардың қауіпсіздігі мен өміріне қатысты апатты жағдайларда, не болмаса шұғыл бармаса шешілмейтін, сала басшысы өзі баратындай қажетті жағдай туындап тұрса, арнайы бортпен ұшу түсінікті екенін жеткізді. Бірақ жоспарлы іссапарларда атқамінерлер де жұртпен бірге эконом класпен ұшуына, шығыны аз қарапайым көлікпен баруына кедергі жоқ. Қарапайым көлікпен қатынау қазына қаржысын үнемдеуге мүмкіндік әкеледі. Екіншіден, шенеуніктің халық алдындағы беделі артады. Үшіншіден, жұрттың жайынан хабардар етеді. Айтпақшы, шенділердің жол шығыны қалай есептелетінін және соңғы екі жылдағы сапарға қазынадан қанша қаражат қарастырылғаны туралы Есеп комитеті мен Қаржы министрлігіне де сауал қойдық. Әйткенмен, қызықтырған сауалға жауапты беріп қойдық деген Премьер-Министрдің баспасөз қызметі де миллион тұратын жол шығынды емес, ұшақ бортындағы комиссия құрамын айтып құтылып кетті.

Мемлекеттік қызметте іссапарсыз іс бітпейтіні түсінікті. Аймақтағы айтып келмейтін апат пен жергілікті жұрттың жағдайымен танысу мемлекеттік орган басшылары үшін маңызды. Бірақ халықтың жайын жал-жая жеп, жайлы ұшақпен ұшып-қонып жүргендер түсіне ме дейсің. Әйтпегенде Министрлер кабинетінің мүшелері ақшаны үнемдеп ұстау керегі туралы кеңесті жұртқа жиі айтып жүреді емес пе?! Алайда атқамінерлер қауіпті дерт алқымнан алып, халық қарапайым дәрі алуға ақша таппай сандалып жүргенде, Үкімет мүшелерінің жыл сайынғы жол шығынына қазынадан миллиардтар бөлінгеніне қарап-ақ қаулыны өзгертуге құлық танытқандар шықпайтын секілді. Министрлер кабинетінің миллиондар жұмсалатын іссапарлары заңмен реттелсе, қос палатамен бірге қоғам өкілдері де бюджет шығынын қысқартуға білек сыбана кірісері анық.

Жадыра АХМЕТОВА

ПІКІР

ӘРІПТЕСТЕР АРМАНЫ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Жоғарғы Сот еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жоба дайындап, Үкіметке жолдаған болатын. Үкімет басшысы Әлихан Смайылов оны толықтай мақұлдап, өзінің 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен «24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні» – деп белгіленді.

Жоғарғы Соттың түсіндірме хатында айтылғандай, 24 маусымды кәсіби мереке деп белгілеу кездейсоқтық емес. 1992 жылы дәл осы күні Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап қолданыста болған «Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға тек соттың сот төрелігін жүзеге асыруы туралы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Сонымен қатар, онда республика соттары ретінде: «Жоғарғы Сот пен жергілікті соттар (облыстық, қалалық, аудандық), сонымен бірге Әскери соттар» көрсетілген.

Аталмыш қаулыда «Судья және сот қызметкерлері күні» конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет ретінде ұсынылғаны ерекше атап өтілген. Еліміздің судьялар қауымдастығы, сот қызметкерлері, доғарыстағы судьялар, сот саласының ардагерлері отыз жыл бойы күткен төл мерекесін міне бірінші рет 24 маусымда ерекше күймен атап өтеміз.

Төл мерекеміз неге отыз жыл бойы белгіленбеді? Оған не себеп болғаны белгісіз. Бірақ күрмеуі шешілместей көрінген осы мәселені он жыл бұрын көтерген сот саласының азаматтарын атап өткенді жөн санаймын. Сол кездері мен бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сот алқасының судьясы болатынмын. Аталған сотқа Нұрсерік Шәріпов басшылық етті. 2012 жылдың басы болса керек, облыстық соттың әр дүйсенбіде өтетін жедел жиналысын аяқтаған соң төраға баспасөз хатшысы Қабыл Дүйсенбі екеумізді кабинетіне қайта шақырды. Өзінің көптен бері көкейінде жүрген, шешімі табылмай келе жатқан мәселе туралы кеңескелі отырғанын айтқан төраға: «Қай адам өзі таңдаған кәсібін сүйіп мақтан тұтпайды. Еліміздің сот билігі Конституцияда көзделген заң талаптарын басшылыққа алып, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын бірден-бір орган болғанымен, сот төрелігін жүзеге асыратын судьялардың осы кезге дейін төл мерекесі жоқ екен» – деп өзін мазалаған сауалдың шетін шығарды. Соған орай, облыстық соттың БАҚ-пен жұмысын үйлестіруші судья ретінде маған осы мәселе туралы мақала жазып «Заң газетіне» жолдауды, ал баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбіге сол жазылуға тиіс мақалаға арқау болатын мәліметтерді беруді және оған қатысты болған барлық іс-шаралар бойынша көмектесуді тапсырды. Тапсырма анық, енді тек оны мерзімінде орындауды өз жауапкершілігімізге алып, жұмысқа кірістік.

Баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбінің және өзім жинақтаған деректер негізінде «Судьялардың төл мерекесі белгіленуі тиіс» – деген тақырыппен аталған мақаланың жобасы дүниеге келді. Оны алдымен Нұрсерік Кәрімұлына көрсеттік. Одан кейін төл басылымымыз «Заң газетіне» жолдадым. Арада көп уақыт өтпей «Заң газетінің» 2012 жылғы 13 қаңтардағы санында менің мақалам жарияланды.

Мақалада судьялардың кәсіби мерекесін белгілеудің маңызы егжей-тегжейлі айтылды. «Судьяларды бірде Конституция күнімен құттықтаса, бірде Тәуелсіздік күнімен байланысты құттықтап жатады. Әрине, мемлекеттік мейрамдар бәрімізге ортақ, дегенмен менің және әріптестерімнің пікірінше – «Судьялар күнін» әр жылдың желтоқсан айының 25 жұлдызында, яғни «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң қабылданған күніне сәйкестендіріп белгілесе болмас па еді?! Егер осы мәселені Жоғарғы Сот жанындағы Судьялар одағы қолдап, тиісті органдардың алдына қойса, ал соңынан оң шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді» деп жаздық алғашқы мақаламызда.

Төл мерекеміздің белгіленуіне тек біз ғана мұрындық болдық, «Американы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының судьялары ашты» деп көкірек керуден аулақпын. Солай бола тұрса да бір нәрсе анық және шынайы шындық, ол да болса соттардың төл мерекесі жайлы БАҚ беттерінде, Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының бұрынғы төрағасы Нұрсерік Шәріповтің бастамасымен, оның жеке қолдауымен бірге, бірінші болып көтерген азаматтардың арасында жеке өзімнің және облсоттың баспасөз хатшысы Қ.Дүйсенбінің болғанын мақтанышпен еске аламын.

Әрине, Нұрсерік Кәрімұлы өзінің осы мәселе бойынша ұсыныс айтқанын жарияға жар салатын азамат емес. Сондықтан оның бастамашыл, жаңалыққа құштар жан екенін көрсетіп өту парызым. Төрағаның қызметін сол кезеңде айтсам, ол жағымпаздық деп қабылдануы мүмкін. Қанша дегенмен Нұрекең төраға, ал мен қатардағы судьямын. Даудан да, жаудан да тайсалмаған батыр Бауыржан атамыздың мірдің оғындай: «Мен істедім дегенше, ер істеді десеңші. Ер істеді дегенше, ел істеді десеңші» – деген сөзін қатаң ұстанатын Нұрекеңе жалаң, арзанқол абыройдың керек еместігін мен де жақсы білемін.

Мақала газет бетінде жария болған соң Нұрекең бізге жақын арада Астанаға жол жүретінін, Жоғарғы Соттың сол кездегі төрағасы Б.Бекназаров пен ҚР Судьялар одағының төрағасы В.Борисовке арнайы жолығатынын, сонда көтерілген мәселені аталған басшыларға айтатынын жеткізді. Алайда, неге біздің бастама, ұсынысымыздың он жыл бойы нақты шешімін таппағанын түсінбей-ақ қойдық.

Біздің мақала жария етілген соң, араға сегіз ай салып «Заң газетінің» 2012 жылғы 10 тамыздағы санында профессор Ағыбаев Арықбай ағамыздың «Сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі белгіленуі қажет» – деген көлемді мақаласымен қатар Алматы гарнизоны Әскери сотының төрағасы Мұхамеджан Пақырдіновтың Жоғарғы Сот басшыларына үндеуі жарияланды. Аталған мақаламен таныса сала, ондағы келтірілген мәселелерді толықтай құптай отырып, тағы бір мақаламды «Заң газетіне» жолдадым. Аталған басылымның редакциясына мың да бір алғыс, өйткені мен жолдаған мақаланы жедел түрде газеттің 2012 жыл 16 тамыздағы санында жариялады. Осы мақаламның соңын: «Егер мәселені Жоғарғы Сот және Судьялар одағы қолдап, тиісті органдардың алдына қойса, ал соңынан оң шешімін тауып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл көтеріліп отырған мәселені толықтай қолдай отырып, судьялар күнін атау қажеттігін тағы бір рет қалың оқырман есіне салуды мақұл көрдім» – деп аяқтаппын.

Өткен жылдың шілде айында БАҚ беттерінен, ғаламтор желісінен «Судья және сот қызметкерлері күні» нақты белгіленетін болды деген сүйінші хабар құлаққа тие сала, тағы бір мақала жаздым. Ол «Заң газетінің» 2021 жылғы 20 шілдедегі санында «Мәселе оң шешімін тапты» – деген атпен жарияланды.

Әрине, көпшілік күткен түйткілдің дұрыс шешілгені қуантады. Дегенмен, төл мерекемізді белгілеуге күш салған Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановқа айтар алғысымыз шексіз.

Ыбырай МӘТІБАЕВ,
Бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облыстық сотының экс-судьясы

ПӘРМЕН

Мемлекеттің мықты болуы ондағы заңның пәрменділігіне, мемлекеттік қызметтің сапасына, әділдіктің мінсіз орындалуына байланысты. Еліміз тәуелсіздігін алғалы бері біртұтас қоғам, бөлінбейтін мемлекеттің негізі қаланды. Мемлекеттік биліктің үш тармағы – заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің маңызы артты.

СОТ – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

Р.АЛДАМБЕРГЕНОВ,
Сырдария аудандық сотының төрағасы

Биліктің осындай тұғырлы үш тармаққа жіктелуі – зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет құрудың алғышарты. Бір-біріне бағынбайтын, өз алдына дербес үш биліктің жұмысының сәтті жүзеге асуы елдегі тұрақтылықтың, дамудың кепілі. Сондықтан да мемлекет тарапынан билік тармақтарының жұмысына тұрақты қолдау көрсетіліп келеді. Тармақтарға бөліну биліктің толықтай бөлінуі болып саналмайды, себебі, Конституцияға сәйкес біртұстас мемлекеттік билік институты орнатылған, яғни, билік тармақтары ықпалдастық, бағыныштылық және тежемелік қағидаттарына негізделіп, өзара келісімде қызмет атқаруға бағытталған. Бұл билік тармақтарын функционалдық қызметтеріне қарай ажыратуды көздейді, сондықтан, биліктің біртұтастығын жоймайды.

Мемлекеттік биліктің бір тармағы саналатын сот саласын дамыту, халықтың сот құрылымына деген сенімін нығайту, тура төреліктің салтанат құруына жағдай туғызу бағытында бүгінгі күнге дейін қыруар шаруалар атқарылды. Сот билігіне жүктелер жауаптылық жоғары. Қазақстан Республикасы атынан сот төрелігін жүзеге асыратын бұл билік тармағы азаматтар мен ұйымдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін қорғауға, ел Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді. Тәуелсіздік алған кезден бері қолға алынған жарқын реформалар қазақстандық соттың беделін биіктетіп, халықаралық талаптарға барынша жақындатты. Ізгіліктің, жаңашылдықтың бастауы болған реформалар ізсіз кеткен жоқ. Әсіресе тәжірибеге алқабилер сотының енгізілуі, мамандандырылған соттардың құрылуы, сот сатыларының оңтайландырылуы, медиацияның дамытылуы сот жүйесіндегі қарымы бөлек қадамдар. Былтырғы жылдан бері қолданысқа енгізілген әкімшілік әділет институтының да сот пен халық арасын жақындатқаны, халықтың мемлекеттік билікке деген сенімін қалыптастырғаны сөзсіз.

Сот жұмысына қатысты өзгерістердің жиі қолға алынып, судьяларға қойылатын талаптың жыл сайын күшейтілуі орынды үрдіс. Бұл азаматтардың ұсыныс-тілегінен, қоғамның қажеттілігінен туындап отыр. Себебі, соттың абыройы – мемлекеттің абыройы. Елдегі әділдікке, қауіпсіздікке, тура төрелікке соттың жұмысына, сот шешімінің дұрыстығына қарап баға беріледі. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін анықтауда, шетелдік инвесторларға бағыт-бағдар берілерде ең бірінші әр елдің сот қызметіне, судьялар шығарған шешімдердің заңдылығына назар аударылатыны да сондықтан. Халықаралық деңгейдегі әріптестікті дамытқысы келетіндердің өз құқығының ғана емес, өз кәсібінің де заңға сай қорғалатынына күмәні болмауы керек. Бүгінгі күнге дейін жүргізілген реформалардың негізгі мақсаты осында.

Мұндай бастамалар, ізденістер алдағы уақытта да жалғасын таба береді. Өйткені, халыққа қызмет ететін сот билігінің халықтың талабына сай жаңғырып, дамып отыруы заңдылық.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

КИЕ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАЗАҚҚА ҒАНА КЕРЕК

Тіл – мемлекеттік тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілген. Бағдарлама қазақ тілінің мәдениетін арттыруды, тілдік капиталды дамытуды көздейді.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет, өзара жарасымы бар тату елміз. Мемлекетті сыйлайтын әрбір азамат қазақша үйренуге міндетті. Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп келе жатыр. Бұл бағатта мемлекеттік органдар мен ұйымдар да жаңа қадам жасауда. Басты себеп – тілдік мұраны сақтау және Қазақстан Республикасының аумағында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз ету. Осы салада елімізде мемлекеттік тілді үйрететін тегін материалдық-техникалық жағдайлар жасалған.

Қазақ тілі қазақтан басқа ешкімге керек емес. Сондықтан тілімізді айналамызға насихаттап жүрейік. Себебі, тіл болашағы – мемлекетіміздің болашағы.

С.КАРАБАЛАЕВА,
Жаңаөзен қалалық сотының бас маманы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

МІНБЕР

Қазақстанның өз дербестігін алып, өркениетті елдер көшіне қосылғанына да отыз жылдан асты. Тәуелсіздік тұғырын бекітіп, мерейін өсірген саланың бірі – сот. Бұған отандық соттың отыз жылда жүріп өткен жолына, ізденістері мен іркілістеріне қарап отырып көз жеткізу қиын емес.

АҚИҚАТТЫҢ АЛДАСПАНЫ

Сот – әділдіктің жаршысы, ақиқаттың алдаспаны. Сотқа берілетін баға судьяның шығарған шешімінің туралығымен, әділдігімен өлшенеді. Сондықтан да осы уақытқа дейін судьялар тәуелсіздігін арттырып, сот төрелігіне сырттан ықпал етуге жол бермеудің құқықтық негізі жасалды. Көп болып кеңесіп атқарылған сол қадау-қадау қадамдардың басында 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыз тұр.

Осы бас құжаттың өзінде сот билігіне ерекше мәртебе беріп, судья тәуелсіздігін нығайтудың алғышарты қалыптасты. Конституциядағы жетінші бөлімнің тұтастай сот билігіне арналуы мемлекет атынан төрелік етер қызметке қаншалықты көңіл бөлінетінін көрсетсе керек. 75-баптың 1-бөлігінде «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп нақтыланған. Бұл соттың мемлекет атынан билік ету, шешім шығарып, үкім ету құзырына ие екенін айғақтайды. Сонымен бірге 77-баптың 1-бөлігінде: «Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады» деп сот билігінің қоғамдағы рөлін шегелей түскен. Ал судья тәуелсіздігінің заңмен бекітілуі өте маңызды. Өйткені, ешкімге жалтақтамайтын, айналасының пікіріне алаңдамайтын судья ғана қос тарапқа теңдей қарап, тура төрелік ете алады. Бұл бап атақты Майқы би атамыз айтқан «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тәмсілді құқықтық тұрғыдан негіздей түседі. Заң мен арға бағынған судья ғана екі жақтың өз ойын айтуына бірдей мүмкіндік ұсына отырып, қандай күрмеуі қиын дау болса да, майдан қыл суырғандай ақиқатты анықтап шығады. Ақиқат таразы тең тартуы үшін судьяға алалау, бұра тарту – жат.

Конституциядағы 77-баптың 2-бөлігінде: «Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді» деп дәйектелген. Заңдағы бұл тетіктің сақталуы сот тәуелсіздігін бекітіп, көпшіліктің мәртебелі қызметке деген құрметін еселейді.

Расында, сот ғимараты – ақиқат анықталатын қасиетті орын. Сондықтан да сот ғимаратына кірудің, сот отырысына қатысудың өзіндік тәртібі бар. Ашық сот отырыстарына кез келген азаматтың қатысуына рұқсат берілгенімен, мұндағы қағидаға бағыну, тәртіптен аттамау баршаның міндеті. Талапқа мойынұсынбау – сот төрелігіне құрмет көрсетпеу деп есептеледі. Ал сотты құрметтемеу – мемлекетті, заңды құрметтемеумен үндес. Сотқа қатысушылардың өз сөзін «Құрметті сот!» деп бастайтыны да сондықтан. Төрелік етер төрді сыйламағандарға әкімшілік, қылмыстық жаза барын да қаперден шығармағанымыз абзал.

Жалпы сот жүйесінде болған тың өзгерістерге мемлекеттің тұрақты қамқорлығы мен көреген саясаты серпіліс бергені сөзсіз. 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының соттары мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң да сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдірудің өте маңызды тұғыры болды. Бұл бастаманың бәрі тәуелсіз соттың беделін асқақтатуды, абыройына көлеңке түсірмеуді көздеді. Өйткені, мықты, пәрменді, тәуелсіз сот – мемлекеттің тірегі.

Жанар ЕСЕМБАЕВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

«РӘМІЗДІ ҚОРЛАҒАНДАР КЕШІРІММЕН ҚҰТЫЛМАУЫ КЕРЕК»

Қанат ЖҰМАБАЙ,
Адам құқықтары жөніндегі халықаралық комитеттің Қазақстандағы өкілдігінің кеңесшісі:

– Мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы рөлі қандай?

– Бұл сұраққа жауап бермес бұрын алдымен мемлекеттік рәміз ұғымына сәл-пәл анықтама берген жөн шығар. Рәміздер – мемлекет егемендігінің берік негізі. Ел Конституциясының 9-бабында оған не жататыны анық жазылған. Яғни, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – Туымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз.

Әлемде қазір Біріккен Ұлттар Ұйымында мойындалған 193 мемлекет бар. Соның бірі – біздің Қазақстан. Оның өзі тәуелсіздіктің нәтижесі. Себебі, біздің мемлекеттік рәміздеріміз тек Қазақстанға ғана тән. Сондықтан мемлекеттік рәміздерге үлкен құрметпен қарауымыз керек. Желбіреп тұрған туымызға қарап басқа мемлекеттер бізді таниды, қабылдайды. Қандай жағдайда Мемлекеттік Ту көтеріліп, қандай жағдайда түсірілетінін көзі ашық, көкірегі ояу жанның бәрі жақсы біледі. Яғни, Мемлекеттік Тудың көтерілгені – сол елдің және оның халқының ұлттық рухының биіктігін көрсететін белгі.

– Қазір әлеуметтік желілерде жұртшылық Алматыдағы концертте рэп орындаушы тарапынан орын алған мемлекеттік туды қорлау әрекетін қызу талқылап жатыр. Одан хабарыңыз бар шығар?

– Әрине, жалпы бұл жағдайдың дәл рәміздер күні қарсаңында орын алуы бізге үлкен сабақ болуы тиіс. Рәмізді қорлағандар кешірім сұрап, айыппұл төлеумен құтылмауы керек. Жалпы, мемлекеттік рәміздерге құрметсіздігі үшін әкімшілік, азаматтық, қылмыстық заңдар аясындағы жауапкершілікті әлі де арттыруымыз керек. Өзіңіз де білесіз, жазаның ең ауыры – қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстық кодексте «Мемлекеттік рәміздерді қорлау» (372-бап) деп аталатын арнайы бап бар. Онда мемлекеттік рәмізге деген құрметсіздікке 2 мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған. Меніңше бұл жеткіліксіз. Оны әлі де қатайтуымыз керек. Егер қылмыстық жауапкершілік тиісті деңгейде болса, жоғарыда айтылған келеңсіз жағдай бізде орын алмас еді.

– Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетпеу, оның қадір-қасиетін аяқасты етуге қатысты құқық бұзушылықтар қолданыстағы заңнамада тиісті деңгейде қарастырылмаған сияқты?

– Рас айтасыз. Мемлекеттік рәміз аты айтып тұрғандай мемлекеттіліктің белгісі. Мемлекет деген белгілі бір аумақта өз жері, халқы бар, дербестігі, тілі, рәмізі бар елдің халықаралық және әлемдік деңгейде өзін әлемге мойындатуы. Яғни, бәзбіреулердің мемлекеттік туды аяқасты етуін Қазақстанның 19 млн халқын құрметтемеу деп бағалау керек. Сондықтан мұндай әрекетке қатысты жауапкершілік пен оған қолданылатын жаза да өте қатаң болуы тиіс. Өкініштісі, тағы қайталап айтам біздің қолданыстағы заңнамадағы жаза әлі жеткіліксіз. Осыған орай мемлекеттік рәміздерге қатысты келеңсіз жағдайлар республиканың түкпір-түкпірінде әрдайым орын алып жатады. Оның бәрі қоғам тарапынан қатаң айыпталып, кінәлілер барлық уақытта лайықты жазасын алып жатқан жоқ.

– Жауапкершілікті көтерудің қандай жолы бар?

– Ең алдымен қылмыстық жауапкершілікке қосымша материалдық жауапкершілікті жүктеу керек. Мемлекеттік рәміздердің қадір-қасиетіне дақ түсіріп, құрметсіздік көрсеткен адам шекті мерзімге бас бостандығынан айырылып қана қоймай мемлекетке сол үшін қомақты айыппұл төлейтінін сезуі тиіс. Заңнамалардағы қазіргі айыппұл көлемі онша көп емес. Концертте өлең айтып жүрген адамға жазасын айыппұлмен өтеу өте жеңіл. Олар өз ісінің ағаттығын сезінбей де қалады.

Рәміз – әрбір қазақстандықтың өз отанына деген сезімін көрсететін және оны арттыратын нышан. Оны тек айыппұл көлемімен бағалауға болмайды. Сондықтан әрбір адам мейлі ол осы елдің азаматы, не шетелдік болсын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне тіл тигізсе не оған құрметсіздік танытса бұл үшін өмірбақи айыппұл төлеуі мүмкін екенін сезінуі тиіс. Біреудің қатаң жазаланғанын көрсе, өзгелер мұндай әрекет жасарда ойланатын болады.

193 елмен қатар біздің туымыздың көтеріліп жүргені мемлекеттің мерейі, ондағы халықтың абыройының асқақтауы. Олимпиададағы жеңісті сәтте ел Туы көтерілгенде адамның бойында патриоттық сезімі оянып, кеудесін қуаныш кернейді. Сүйінбай Аронұлы: «Бөрі басы – ұраным, бөрілі менің байрағым. Бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым!» дегенді жайдан-жай айтпаған. Мемлекеттік Ту көтерілген кезде әрбір қазақстандықтың рухы көтеріледі, беделі артады. Көктудың аяқасты болуы мемлекеттің де, оның халқының да абыройына дақ түсіретін жағдай.

– Мемлекеттік рәміздің қолданыс аясында көп шектеу бар. Оны қалай кеңейтуге болады?

– 2007 жылы 4 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» конституциялық заңында әлі де көптеген шектеулер бар. Сондықтан оған жаңа өзгерістер мен толықтырулар енгізетін уақыт келді. Әрине, шектеуді алу үшін алдымен рәміздерге деген құрметті, түсінікті қалыптастыру керек. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді балабақшадан бастаған жөн. Оларды әрбір балаға көзбен көріп, құлағымен естіп, қолымен ұстап көруге мүмкіндік беріп, оның қадір-қасиетін түсіндіруіміз қажет. Өйткені, мемлекеттік рәмізге деген құрмет адамның Отанына деген құрметі. Ту тек қаралы күнде ғана түсіріледі. Сол үшін оны әрдайым тұғырда, жоғарыда ұстаймыз.

– 4 маусымда Рәміздер күнін атап өтеміз. Алайда оның айқын тұжырымдамасы да жасалмаған.

– Оныңыз рас. Биыл бұл мереке елімізде 24-рет атап өтілгелі отыр. Алайда оны мемлекеттіліктің басты белгісі ретінде насихаттап, түсіндіру ісінде көптеген олқылық бар. Бұл жағдай осы жолы да қайталанатын сияқты. Сондықтан БАҚ өкілдері мен халық қалаулылары оған қатты мән беріп, қоғам талқысына ұсынуы тиіс деп ойлаймын.

– Мемлекеттік рәміздерге қатысты идеологияны жүзеге асыруға не кедергі?

– Мемлекеттік Туды әркім өз үйіне, көлігіне іліп жүруі отансүйгіштіктің бір көрінісі ғой. Ол әлемнің АҚШ, Түркия сияқты елдерінде әлдеқашан мемлекеттік идеологияның құрамдас бөлігіне айналып кеткен. Біз мұндай елдердің тәжірибесін өзімізде пайдалану үшін заман талабына сай ең алдымен қолданыстағы заңнамадан кейбір шектеулерді алып тастауымыз керек. Мемлекеттік рәміздер күнін ерекше атап өтудің тұжырымдамасын жасау қажет. Дамыған елдердегідей тіпті туымыз әрбір үйде желбіреп тұрсын. Оны мемлекеттік деңгейде уағыздау керек. Бұл мемлекеттік деңгейде қолдау тапса, халық оны қолдайды. Спорттық жарыстарда жұрт қашан біздің Туымыз көтеріліп, Әнұранымыз ойнайды деп теледидарға телміріп отырады ғой. Рәміздер күні барлық телерадио арналарда Әнұран шырқалып, Мемлекеттік Туды көтеру рәсімі көрсетілуі тиіс. Сонда адамдардың өз отанына деген патриоттық сезімі оянады. Жалпы мемлекеттік рәмізге құрметсіздікті тек намыссыз адамдар көрсетеді.

– Мемлекеттік рәміздерге құрметті қадағалауды кім жүзеге асыру керек?

– Мемлекеттің рәміздерді ұлықтауға қатысты нұсқау Конституцияның 9-бабында бекітілген. Бұл туралы арнайы заң да бар. Бірақ оны ары қарай жалғастыру, уағыздау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу, оған деген құрмет ұғымын қалыптастыру шаралары аздау. Оны мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға да уағыздауға мүмкіншілік беру керек. Сол сияқты қадағалауды да тек мемлекеттік органдарға жүктеп қою дұрыс емес. Бұл адамның өз мемлекетінің алдындағы азаматтық парызы, тіпті міндеті. Егер мемлекеттік рәміздердің нышаны жерде жатса, оны әрбір адам көтеріп, жоғары ілетіндей тәрбие болу керек. Оның жарқын мысалы ретінде Түркия Президенті Р.Ердоғанның үлкен бір саммитте жүріп жерде жатқан өз елінің туын көтеріп алғанын көрсеткен бейнежазбаны айтуға болады.

– Мемлекеттік рәмізді пайдалану тәртібі туралы сөз болғанда «Рахат» кондитерлік фабрикасының Қазақстан туы бейнеленген шоколадтарына қатысты келеңсіз көрініс есіме түсіп отыр. Өз елімізде ғана емес, шет мемлекеттерде де ұлттық бренд ретінде жоғары сұранысқа ие осы өнімнің қағаздары әрдайым аяқасты болып шашылып жатқанын жиі байқауға болады. Бұл жағдайды болдырмау үшін не істеген жөн?

– Бұл Парламенттік деңгейде талқылануы керек. Мемлекеттік рәміздердің бейнесі аяқ асты болатын кез келген заттың қаптамасына, орамасына оны қоймау қажет деп ойлаймын. Сондықтан мұндай жағдайды болдырмау үшін жауапкершілікті қайта қарастыру маңызды. Онсыз бұл мәселенің оң шешімі табылмайды.

– Шет елдердегі кейбір спорттық шараларда Әнұранымыздың ескі нұсқасы ойнатылып кететінін байқап қаламыз. Оны қалай реттеуге болады?

– Біздің Әнұранымыз бірнеше рет өзгерді. Кейбір елдер бұл өзгерісті білмей қалдық деуі мүмкін. Сондықтан мұндай келеңсіздікке жол бермеу шет елдермен дипломатиялық қарым-қатынасқа жауапты құзырлы мекемелердің жұмысына сын болуы тиіс. Тіпті, жарыс өтетін елге сұрамаса да мемлекеттік Әнұранның қолданыстағы нұсқасын жіберіп, хаттамалық жұмыстарға өте мұқият болу керек.

– Кейбір азаматтар мемлекеттілік нышанына ұлттық валюта мен мемлекеттік тілді де қосып жатады. Ол қаншалықты дұрыс?

– Конституцияда мемлекеттік рәміздер нақтыланған. Олардың сипаттамасы, пайдаланылуы конституциялық заңда да көрсетілген.

– Өзінің ана тілі, ұлттық валютасы жоқ елдер бар әлемде. Ұлттық ерекшелікті ескермей, осындай шетелдердің тәжірибесін көшіріп алу қаншалықты дұрыс?

– Ойыңызды түсіндім. Бұл асықпай, байыппен қарап, жан-жақты талқылайтын өзекті мәселе. Егер халық талқылауына түсіп, көпшіліктің қолдауына ие болса, бұл мәселені референдумға салып шешуге болады деп ойлаймын.

Қазақ тіліне қатысты айтарым, Конституцияның 7-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені тайға таңба басқандай айқын көрсетілген. Енді оны ары қарай дамыту ең алдымен қазақ ұлтының өзіне байланысты.

– Дегенмен, сол баптың екінші тармағында «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны» да жазылған ғой. Бұл қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясын кеңейтуге кесірін тигізіп отырған жоқ па?

– БҰҰ-да 6 халықаралық тіл бар. Соның бірі – орыс тілі. Өз басым Конституцияға орыс тілінің ресми мәртебесі кезінде сол себепті енгізілген шығар деп ойлаймын. Әрине, оны Конституцияда бекітпей, арнайы заңмен де реттесе болар еді. Меніңше бұл мәселеге де байыппен қарауымыз керек.

– Мемлекеттік тіл білмейтін адам бізде қалай мемлекеттік қызметке алынады?

– Мемлекеттік қызметке кірерде барлық үміткер арнайы тест тапсырады. Сол жерде мемлекеттік тілді білуіне байланысты арнайы сынақ бар. Яғни, олар мемлекеттік лауазымға сынақ тапсырып барып өтіп отыр ғой. Өзіңіз білесіз, бізде ең жоғары лауазым саналатын Президент болу үшін де үміткерлер мемлекеттік тілді меңгеру бойынша сынақтан өтеді. Оны білмесе үміткер ретінде сайлауға түсе алмайды. Сол сияқты егер мемлекеттік қызметке тағайындалған не сайланған адам мемлекеттік тілді білмесе, ол қалай өтті деген заңды сұрақ туындайды. Демек, мәселе жауапкершілікте. Мемлекеттік қызмет туралы заң талаптарының орындалуында мін бар. Журналист ретінде олардан – мемлекеттік тілді білуден емтихан тапсырдыңыз ба, тапсырсаңыз қазақ тілінде жауап беріңіз деп талап етуге құқыңыз бар. Осы арада ұстазым Ақселеу Сейдімбековтің бір сөзі еріксіз есіме түсіп отыр. Ол кісі мемлекеттік тілдің өкілі бола тұра, ана тілінде сөйлемейтін мемлекеттік қызметкер қоғам қайраткері емес, шаруашылық адамы дейтін. Олар мемлекеттік қызметке ақша санау үшін ғана кірген адам. Тек өзіне жүктелген жұмысты ғана орындайтын және өз тілін сыйламайтын, оған құрмет көрсетпейтін мұндай жандарды қоғам қайраткеріне жатқызуға болмайды деуші еді. Жалпы, мемлекеттік қызметтегі адам мемлекеттік тілді білмей қалай лауазымдық қызмет атқарып жүргенін талдап, оның шешімін табу Парламент құзырындағы іс.

– Билік органдарындағы адамдардың мемлекетшілдігін қалай көтеруге болады?

– Мемлекетшіл болу үшін билік органдарындағы қызметкерлер ғана емес, елдің барлық азаматы ең алдымен мемлекеттік тілді білуі және өз елінің мемлекетік рәміздерін құрметтеуі керек. Оны сөзбен ғана емес, күнделікті өз ісімен дәлелдеген адамды мемлекетшіл, отаншыл азамат деуге болады. Яғни, мемлекеттік тіл үшін жаны ашыса, сол үшін еңбек етсе, демек, ол мемлекетшіл. Өзінің мемлекеттік мәртебесі бар ана тілінде сөйлеп, рәміздерін құрметтеп жүру үшін билік органындағы адамға батылдық та керек. Бізде кейбіреулердің бойынан өкінішке қарай, бұл қасиет табылмай отыр. Сондықтан Қазақстанның патриоты болу үшін мемлекеттік тілді білу міндетті емес деп ойлайтындар арамызда әлі аз емес.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАЙҚАУ

ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІКТЕР ТОП ЖАРДЫ

Алматы қаласы ҚАЖК ЛА-155/13 мекемесінде «Ең үздік психологиялық газет» байқауы өткізілді. Байқауға мекемеде жазасын өтеп жатқан сотталғандар белсене қатысты. Бұл шараны мекеменің тәрбие бөлімінің жасақ бастықтары мен психологы бірлесе отырып ұйымдастырған болатын. Тәрбиелік мәні бар, психология тұрғысынан сотталғандарға рухани көмек болатын байқау қызықты өтті.

Түзеу мекемесінде қолға алынған шара сотталғандардың ойлау қабілетін, сурет салу шеберлігін, өлең, әңгіме жазу дарынын ашуымен құнды. Сонымен бірге, байқауда сотталғандар өз қолдарымен салған газетті көрсетіп, таныстырып қоймай, оны қорғау және түсіндіру үшін тіл байлықтарын дамытып, көпшілік алдында қысқа да нұсқа, мағыналы сөйлей білуге машықтануы керек. Байқауда 1-орынды иеленген Н.Оспанов салған газеттің аты «Психологиялық стресс және оны жеңу жолдары», 2-орын алған К.Наметов «Психологияның миға беретін пайдасы» газетімен топ жарды. Ал 3-орын алған А.Кобыландиев «Жібер» газетін көпшілікке ұсынды.

Байқауда жүлделі орындарға ие болған қатысушылар мекеме басшысының грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар, мекемеде өткен байқауға қатысқандары үшін сотталғандарға көтермелеу шаралары қолданылды. Бұл бастама сотталғандардың жақын арада босап шығуына кепілдік беретін амал деп айтсақ та артық болмас.

Байқаудың соңында сотталғандар алған әсерлерімен бөлісіп, алдағы уақытта тағы осындай тәрбиелік іс-шараларға қатысатындарын айтып өтті.

Жарқынай ШУБАЕВА,
Алматы қаласы ҚАЖК ЛА-155/13 мекемесінің сотталғандар арасында әлеуметтік-психологиялық тәрбие бөлімінің аға инспектор психологы

ЛЕБІЗ

«ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...»

24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні мерекесі болып белгіленді. Осынау мерейлі мереке қарсаңында сот жүйесінде қатардағы қызметкерден бастап, аудандық сот төрағасы лауазымына дейінгі жолды жүріп келе жатқан судья ретінде сот тарихының кейбір кезеңдеріне тоқталуды өзімнің парызым деп есептеймін.

Судьялық қызметті алғаш рет Әйтеке би аудандық сотында бастадым. Әйтеке бидің атымен аталатын ауданда судьялық қызметті бастағанымды мақтанышпен еске аламын, оны үлкен абырой санаймын. Сонда қызмет атқарып жүріп ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтында (қазіргі Сот академиясы) білімімді жетілдіру үшін 2002 ж. оқуға жіберілдім. Ол кезде сол оқу орны Алматы қаласында орналасқан болатын, ректоры Т. Айтмұхамбетов еді. Сонда Тамас Қалмұхамбетұлының мазмұнды дәрістерін тыңдап және оның қолынан судьялық білімді жетілдіру туралы сертификатты алу бақыты бұйырғанын мақтанышпен айтамын. Сонда белгілі қоғам және мемлекет қайраткерінің қарапайымдылығына тәнті болдым. Ол кісі әрбір тыңдаушымен сұхбаттасып, сот жұмысындағы теория мен практиканың маңызына тоқталып, оларды тыңғылықты түсіндіре білді. Менің Әйтеке би ауданында қызмет атқарып жатқанымды білген соң Тамас Қалмұхамбетұлы халқымыздың билерінің, оның ішінде Әйтеке бидің тарихына тоқтала отырып, кеңінен терең мағлұмат бергенін ерекше атап айтқым келеді. Сол кездесуден алған әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Судьялық қызметтің алғашқы жылдарын сол кезде Ақтөбе облыстық сотының төрағасы болған И.Әміровтің қарамағында қызмет атқарудан бастауымды үлкен сәттілік деп есептеймін. Ол кісінің кәсіби судья болуымен қатар, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары білікті басшы, әрі зор адамгершілік иесі болғаны баршаға аян.

Ұлы Отан соғысының және сот жүйесінің ардагері, ардақты ақсақалымыз Т. Қайсаров ағамыз қазыналы қарттыққа жетіп, 89 жасқа қараған шағында өмірден озды. Ол елге сыйлы, жастарға тілекші, ақылшы әрі батагөй ақсақалдар қатарынан болатын.

Содан кейінгі уақытта Ақтөбе облыстық сотының төрағасы болып қызмет атқарған Б.Бекназаров та, И.Әміров те ағаның игі істерін сот жүйесінде жалғастырып біраз жұмыстар атқарды. Балалар үйіндегі жетімдерге қамқорлық жасауды ұйымдастыру Бектас Әбдіханұлының бастамасымен жүзеге асырылған болатын.

Міне, біздің буын осындай азаматтардан үлгі алып өстік. Осы бір шағын мақалаға сот жүйесіндегі барлық тарихи сәттерді сыйғызу әсте мүмкін емес.

Отандық сот жүйесінің тарихын құрметтей отырып, болашаққа үлкен үмітпен қарау жастарға парыз.

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ІЛТИПАТ

Маған билердің бітімгершілік дәстүрін берік ұстанып, ел құрметіне бөленген, сот басшылығында үш мерзім қатарынан сот төрелігін атқарған судья Хаби Жақыповтың жолын жалғастырып, Казталовка ауданында судья болу бақыты бұйырды. Ауданда оның салып кеткен сара жолы анық байқалады.

ЕЛ АЛҒЫСЫНАН АРТЫҚ ҚҰРМЕТ ЖОҚ

Хаби Жақыпов 1915 жылы Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданының №8 ауылында (қазір Жаңақала ауданының Новая – Казанка ауылдық округінің аумағы) дүниеге келді. Осы ауыл мекен тепкен қызыл құмның ортасындағы Байторы ауылындағы орталау мектепті 1931 жылы үздік бітіреді. Бұл елдің күйзеліске ұшырап, аштық, жоқшылық жайлаған, кейбіреулер шыдамай елді, атақонысты тастап босып, кәсіп іздеп қиырларға аттанып, тіпті кейбіреулердің шекара асып көшіп жатқан кезі еді. Осы тұста жасы он алтыға енді қараса да, дүние дөңгеленіп жатқан аласапыран кезең ерте есейткен. Сауаты ашық, замана ауанын аңдай білген Хаби ағайын-туыстарды салт атпен аралап, бірлік пен тірлікке шақырып, ауылда сауат ашу мектебін ұйымдастырады. Жас та болса бас болып, аңтарылған ағайын-туыс, жерлестерін жаңа заман ыңғайына қарай бейімдеп, тұрмыс-тіршілікке жұмылдырып, уақыт көшіне ілесуге шақырады. Хаби Жақыповтың бұл ісіне, азаматтығы мен ақылмандығына разы болған ел-жұрт оның маңына топтасып, артынана ереді.

Х.Жақыпов сотта хатшылық қызметті атқара жүріп, Алматы қаласындағы екі жылдық заң мектебінде оқып, 1939 жылы Батыс Қазақстан облыстық сотының жолдамасымен Жәнібек аудандық халық сотының судьясы болып тағайындалады. Кешікпей ол Бөрлі аудандық халық сотына судья болып сайланды. Ол судьялық қызметті бірден игеріп кетті. Облыс соттарының осы жылдардағы жұмыс қорытындылары туралы есепті баяндамаларында судья Х.Жақыповтың сот төрелігін атқаруда жақсы жетістіктерге жеткені атап көрсетіледі. Ол қызмет бабында тек қана алғыс пен абыройға бөленді. Ұлы Отан соғысы жылдарында Жәнібек, Орда аудандық сотына басшылық жасады.

Соғыс жылдары судьяларды да майданға алғаны белгілі. Елде ерекше тапсырмаларды атқаруға қалғандар саусақпен санарлықтай еді. Соғыс қарсаңында Батыс Қазақстан облыстық сотында сот мәжілісінің хатшысы болып жасап жүрген ол облыстық соттың жолдамасымен барып, Жәнібек аудандық сотына судья болып орналасады. Осы жылдың сәуір айында коммунистік партияның қатарына қабылданады. Сталинград қаласынан 150-200 шақырым жерде жатқан Жәнібек, Орда аудандары Сталинград майданына ең жақын жатқан қазақстандық тыл, майдан шебі болғандықтан неміс командованиесі темір жол бекеті бар бұл елді мекендерді барлап, стратегиялық нысандарды бомбалап тұрды. Диверсанттар да жіберіліп отырған. Осы сындарлы сәтте майданмен шекаралық аумақта судьялық қызмет атқарған Х.Жақыпов әскери трибуналға жататын істерді қараған.

Соғыстан кейін Орал қаласына судьялық қызметке ауысып, 1957 жылы Казталовка аудандық сотына судья болып сайланды. Ол осы лауазымды үш мерзім қатарынан атқарып, 1977 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін Казталовка аудандық сотынан табан аударған жоқ. Х.Жақыпов өзінің кәсібіне адалдығы мен ынта-жігерінің арқасында білімін ұдайы жетілдіріп, Орынбордағы Мәскеудің сырттай оқытатын Бүкілодақтық заң институтын, Қазақ мемлекеттік институтының заң факультетін бітірді.

1957 жылдан Батыс Қазақстан облыстық сотының мүшесі. Сот жүйесіне сіңірген еңбегі үшін ол Жоғарғы Соттың Құрмет грамотасымен марапатталған.

Әділеттілікті атқару мен заңдылықты қамтамасыз етудегі көп жылғы үздіксіз және табысты қызметі үшін Х.Жақыпов республикада алғашқылардың бірі, облыста бірінші болып 1967 жылы «Қазақ ҚСР-іне еңбегі сіңген заңгер» атағына ие болды.

1978 жылы дербес зейнеткер болып құрметті демалысқа шыққан Х.Жақыпов біраз жыл белсенді қоғамдық және адвокаттық қызметпен шұғылданды. 2002 жылы 8 сәуірде 87 жасында дүниеден озды.

Хаби Жақыпов әулетінен елімізге танымал ұл-қыздар тәрбиеленіп, өсті. Атап айтқанда, ұлы Мирболат Жақыпов мемлекеттік қызметшілер, банк қызметкерлері және қоғамдық ұйымдардың республикалық кәсіподағының төрағасы лауазымын атқарса, қызы Гүлнәр Жақыпова М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында актриса болып, «Қазақстанның халық артисі» атағын иеленген. Кіші ұлы Төремұрат Жақыпов бизнеспен айналысады. Басқа ұл-қыздары да бүгінде бір-бір құтты шаңырақтың иесі, елге сыйлы азаматтар.

Хаби ағаның биге лайық қасиеттерінің бірі адамгершілігі. Ол үкім шығарып тұрып, қылмыс жасағаны үшін сотталып жатқан жерлестерінің әрекетіне ағайынындай қынжылады екен. Қылмыскерге баяғының билерінше батырып айтып, оның жасаған қиянатына өкініп, өкситіндей күйге түсіретін шешендігі де болған. Тіпті, кезінде оның шығарған үкімдері мен шешімдеріне, сот залында тұрып та, жазасын өтеп келіп те, хат жазып ризашылығын білдірушілер аз болмапты. Жерлестері оның тұлғасынан әділеттің, шындықтың, дұрыстықтың сипатын тауып, пір тұтты. Ол қызмет жасаған сот ғимаратын әділеттің ақ отауындай бағалады. Хабекең жүрген жерде ақиқаттың айбары алдаспандай жарқылдады. Қазір Хаби Жақыповтың ұзақ жыл тұрақтап қызмет атқарған сүйікті мекені Казталовка ауылындағы орталық көшелерінің бірі оның есімімен аталады.

У. МУХАНГАЛИЕВА ,
Казталов аудандық сотының төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

БАНКТІК ҚАРЫЗ **ШАРТТАРЫН** ОҚЫҒАН АБЗАЛ

Әлеуметтік ортада бүгінгі таңда банкке қатысты даулар көбейді. Мұны сот өндірісіндегі істер көрсетіп отыр. Сот тәжірибесі бұндай істерге қатысты даулардың 70 пайызында несие беретін ұйымдардың жеңіске жететінін, 20 пайыздық іс қана арызданушы жеке тұлғалардың талап арыздарын қанағаттандыратынын көрсетті.

Енді бұл мәселені тереңірек тарататын болсақ, ең алдымен әрине несие алушы тараптың әу бастан құқықтық сауатының төмен болғанын байқаймыз. Азаматтар кредиттік ұйымдардан несие алар алдында ол берешектің пайыздық үлесін, өтелу мерзімі мен кешіктірген жағдайдағы үстеме қарыздың көбею мөлшерін толыққанды зерттемейді. Қазақта «Қарыз – күліп кіріп, күңіреніп шығады» деген нақыл бар. Ол сірә, осындай келеңсіздіктерге қатысты айтылса керек. Бұл жерде қарапайым азаматтарға тек қана құқықтық емес, сонымен қатар экономикалық сауат та ауадай қажет. Өзінің жұмысынан табатын табысының ертеңгі қарызды жабатындай күйі болмаса, кез келген азаматтың несиелік ұйымдардан алыс жүргені абзал.

Бүгінгі таңда Қазақстан құқықтық қоғамға аяқ басты, халық өз құқығын біледі дейміз. Алайда, бүгінгі несие берешектері жайлы қаржылық тартыс төңірегіндегі істерді саралай отырып, бұл тұжырымның керісінше екенін аңғарамыз. Тұтынушы банк тарапынан берілетін келісімшартты оқымастан қол қоя беретінін де сот процестерінде көріп жүрміз. Бұндай немқұрайлылықтың бәрі банкпен азаматтардың арасындағы бітіспес ұзақ дауға немесе әртүрлі дүние-мүлкінен айырылу секілді бақытсыздықтарға әкеліп жатыр. Мұндай мәселелерден қалай сақтануға болады, тығырықтан шығатын жол қайсы?

Ең алдымен, банк есігін аттаған адам осы мәселе төңірегінде аздап болса да ізденгені жөн. Өзінің экономикалық сауаты жетпесе арнайы мамандар көмегіне жүгінсін, осы тұрғыда сауаты, тәжірибесі бар ағайын-туысынан ақыл кеңес сұрасын. Алуға ниеттеніп отырған несиенің проценті қанша, ол қандай жағдайда өседі, айыппұл мөлшеріндегі санкциялар қандай? – деген сауалдардан несие алушының хабары болғаны дұрыс. Қаржылық ұйымдардың тұтынушысы өз құқығын білместен, құқық қорғау ұйымдарына шағымданып жатады. Бұл жердегі ең үлкен қателік – дауды шешудегі сотқа дейінгі тәртіпті білмеу. Азаматтар бірден сотқа жүгініп талап арыз өткізгісі келеді. Алайда, сот талап арызды қабылдамауы мүмкін. Сол себепті шағым түсіруге ниеттенген азамат ең әуелі «Тұтынушы құқығы туралы» заңмен танысқаны жөн. Егер іс еш жөнге келмей сотқа жеткен жағдайда сіз білу керек шарттар мынадай:

Талап арыз түсіретін сотты нақты білу – келісімшартта ол көрсетілуі мүмкін; Талап арызды беруші мен нақты жауапкерді анық көрсету (үшінші тұлға болуы мүмкін, ондай жағдайда оларда аты-жөнімен нақты көрсетілуі тиіс); Мемлекеттік төлем – мемлекеттік міндетті төлем сот сайтында көрсетілген; Талаптың нақты сипаты дәл, анық көрсетілген жөн; Нақты қандай заңға сүйеніп шағымданып отыр, (Тұтынушы құқығы туралы», «Несие (қарыз) алушы туралы», «Банк және банк істері туралы») заңдарға сілтеме жасалған дұрыс;

Сондақ-ақ, талап арызға келісім шарт көшірмесі, төлем түбіртектері көшірмесі, банк реквизиттері, ұйымның паспорт мәліметтері секілді сотта нақты дәлел бола алатын құжаттар қоса тіркелу керек.

Әрбір дұрыс толтырылған құжат жеңіске жасалған қадам. Сот әдемі сөз бен ұзақ тіркестерге, негізсіз айыптауларға емес, нақты дәлелдерге иек артады.

Эльмира УРУНБАСАРОВА,
Алакөл аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ТАҒЗЫМ

ҚАЗА ТАПҚАН ӘРІПТЕСКЕ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Қазақстан полициясы құрылған отыз жылдың ішінде республика бойынша 800-ден астам полиция қызметкері қызмет бабында қаза тапты. Солардың бірі – қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқан Ербол Ержанов. Әділет прапорщигі қаңтар қырғынында Талдықорған қаласындағы ЛА-155/16 мекемесіне (тергеу изоляторы) шабуыл жасаған бүлікшілердің қолынан қаза тапты.

Ішкі істер органдарында 1999 жылдан бастап қызмет атқарған Ербол Ержанов әрдайым жақсы бастамалардың жанынан табылатын. Ол тек білікті маман ғана емес, қызметке жаңа келген әріптестеріне үлгілі тәлімгер де бола білетін. Отан алдында қабылдаған антына өмірінің соңына дейін адалдық танытқан Ербол Тілеубекұлы екі баланың әкесі, үлгілі отбасының иесі еді.

Тергеу изоляторын басып алмақшы болған шабуылшылардан жанаямай қорғаған Ерболдың ерлігі қатарластарына үлгі болса, өкініштісі – оның қылмыскерлердің оғынан қаза табуы. Еліміздегі барлық тергеу изоляторларының жеке құрамы үшін бұл орны толмас ауыр қаза болды. Қостанай, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Қызылорда, Тараз және Алматы қалаларындағы тергеу изоляторларының жеке құрамы Ербол Ержановтың отбасына материалдық көмек көрсетті.

Әріптестерінің мұндай игі бастамасына Алматы қаласы бойынша ҚАЖД басшылығы мен Ардагерлер кеңесі де қызу қолдау көрсетті. Жуырда ЛА-155/18 мекемесінің өкілдері жоғарыда аталған тергеу изоляторы жеке құрамының атынан Ерболдың отбасына барып, әріптестерінің материалдық көмегін табыстады.

Қызмет бабында қаза тапқан әділет прапорщигі Ербол Ержановтың әкесі Тілеубек ақсақал Ержанды ұлықтап еске алып, көмек көрсеткен полиция қызметкерлеріне жүрекжарды алғысын айтып, «еліміздің тыныштығын қорғап жүрген азаматтардың барлығы аман жүрсін» деп батасын берді.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

ДЕРТІНЕ ДАУА ІЗДЕГЕНДЕР ДӘРІГЕРГЕ ЕМЕС, ИНТЕРНЕТКЕ ЖҮГІНЕДІ

Цифрландыру ауруға шалдыққан адамдарды өз сұрақтарына жауапты дәрігерлерден емес, интернеттен іздеуге алып келді. Бұл мәселе Орталық Азиядағы жетекші фармацевтикалық өндіруші SANTO компаниясының қазақстандық журналистерге арналған вебинарында сөз болды.

– Қазір адамдар ауру белгілерін гуглден іздейді. Менің бір курстасым аллерголог болып жұмыс істейді. Оның айтуынша, келген 10 науқастың тоғызы өздері қандай аурумен науқастанғанын және оларды қалай емдеу керектігін айтады», – дейді компанияның рецепт бойынша берілетін дәрі-дәрмектер бөлімінің директоры Анна Фарленкова. Оның айтуынша, статистика Қазақстандағы жүрекқан тамырлары аурулары бар және күрделі асқынулары бар пациенттердің 40% алғашқы алты айда дәрі қабылдауды өздері азайтатынын көрсетіп отыр. Себебі – олар «дәрі-дәрмектерден шаршайды» екен. Осының кесірінен олар қайталама инфаркт пен басқа ауруларға тап болады, ал бұл мұндай пациенттердің 80 пайызының өліміне әкеледі.

«Дәрігерлер дәрі-дәрмектерді ұзақ немесе тұрақты түрде қабылдауға кеңес береді, бұл қалыпты жағдай. Сізде жәй ғана суық тию немесе грипп болған жоқ. Бұл ұзақ мерзімді емдеуді қажет ететін жүрек-тамыр ауруы», – деген А. Фарленкованың сөзіне қарағанда SANTO зерттеуі көрсеткендей, дәрігерлердің 65% пациенттердің дұрыс емес дозаларды немесе дұрыс емес дәрі-дәрмектерді қолданатыны туралы айтады. Яғни, пациенттер бастапқыда бұған тиісті деңгейде мән бермейді және дәрі-дәрмектерді немқұрайлы қабылдайды.

Жалпы, Қазақстандағы дәрілік заттар нарығы ақшалай мәнде 807 млрд теңгеге бағаланады. Оның 50 пайызы немесе 471 млрд теңгесі коммерциялық секторда, яғни, жекеменшік дәріханаларда сатылады. Фармацевтикалық алып компаниялар дәрі-дәрмектердің көп бөлігін жарнамаламайды – бұған заң жүзінде тыйым салынған. Өндірушілердің айтуынша, қазіргі маңызды проблемалардың бірі – адамдардың емделуге қатысты мәдениетін арттыру болып тұр. Украина мен Ресейдегі жағдай қазақстандық фармацевтикалық нарыққа өз әсерін тигізді. Импорттық дәрі-дәрмектердің бір бөлігі логистикалық проблемаларға байланысты нарықтан жоғала бастағанымен, ірі өндірушілер республиканың дәрі-дәрмектерге деген ішкі қажеттілігін өтеуге қабілетті екенін көрсетуде.

Қазақстанның фармацевтикалық индустриясы коронавирустық індет кезінде сынақтан сәтті өткен. Қатаң локдаун кезінде көлік жолдары жабылғанда дәрі-дәрмек өндірісі тоқтамады. Ковидтік кезеңде біз өз қажеттіліктерімізді өтеп қана қоймай, көрші елдерге гуманитарлық көмек көрсеттік. Біз Қазақстанға дәрі-дәрмекті емес, технологияларды алып келеміз. Еуропалық сапаны сертификаттап, тіркеу куәлігін аламыз. Мұндай техникалық трансферт өз индустриямызды құруға мүмкіндік береді. Қазір Украинадан бұрын әкелінген препараттар таусылуға жақын. Украина қазір дәрі-дәрмектерді сыртқы нарықтарға жеткізбейді. Бірақ Қазақстан өзінің дәрі-дәрмектерге деген бүкіл қажеттілігін өз бетінше қанағаттандыра алады. Ал ресейлік жеткізушілерге келетін болсақ, нарыққа дәрі-дәрмектерді жеткізу көлемі әзірге сол қалпында. Бірақ егер қандай да бір жағдай бола қалса, өндірушілер ел ішінде оларды толығымен ауыстыруға дайын», – дейді Анна Фарленкова.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

БАЛАЛАР АТА-АНАЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Алматы қаласындағы балалар колониясында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні жыл сайынғы салтанатпен аталып өтіледі. Бұл балалар үшін мекемеде ұйымдастырылатын жарқын мереке. Республикадағы жасөспірім балалар жазасын өтейтін жалғыз колонияда қазіргі таңда 63 бала бар. Оның ішінде 49 бала аса ауыр қылмыс жасағаны үшін, 14 бала ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған. Ойнақтап жүріп от басқан жасөспірімдердің бүгінгі жанашыры да, ата-анасының орнындағы қамқоршылары да – мекеме қызметкерлері.

Жазалы балалардың тәрбиесімен айналысатын мамандар балалар күнін, айналаны думанға бөлеген мерекеге айналдырып, алыстан келген ата-аналар үшін «Ашық есік» күнін өткізді. Балалар ата-аналарымен, бауырларымен қауышып, сағыныштарын басты.

Салтанатты іс шара ҚАЖ департаментінің СӘПТЖБ бөлімінің бас маманы, әділет подполковнигі Конканов Мадиярдың құттықтау сөзімен басталды. Концерттік бағдарламаны әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің студенттері жалғастырды. Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті Берікқызы Аяна «Халқым ай», «Пьэса» т.б әндер орындады.Алматы технология және флористика колледжінің студентері әндер мен билерін билеп ата-аналарды жазасын өтеушілерді құттықтады.

САӘПТЖБ бөлімінің қызметкерлері ата-аналар мен балаларға арналған спорттық іс-шара өткізді. Спорттық іс шарада белсенді өнер көрсеткен, командалар арнайы сыйлықтармен марапатталды. Іс-шараның соңы мерекелік түскі асқа ұласты.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ПРОБАЦИЯ

ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРА ӨТТІ

Маңғыстау облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Қарақия аудандық пробация қызметінде есепте тұрған тұлғалардың қайта қылмыс жасауының алдын алу мақсатында аудан көлемінде «Пробациялық бақылау» атты жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шара барысында пробация қызметкерлері мен учаскелік полиция инспекторлары есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарды тұрғылықты мекенжайлары бойынша тексерді. Олардың әрқайсысымен профилактикалық бағытта әңгіме-сұхбат жүргізілді.

Сонымен қатар, жазасын өтеу кезінде жаза өтеу шарттары мен тәртібін бұзбауға, қайта қылмыс жасамауға, сотпен жүктелген міндеттерді орындауға, белгіленген бақылау тәртібін бұзбауға, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке тұлға мүлкіне қол сұқпауға және отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас саласында әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасамауға шақырды. Инспекторлар пробация қызметіне ескертпей, тұрғылықты мекенжайы аумағынан алыс жерлерге кетуге болмайтынын айтып, бақылаудан жалтарғаны үшін жауапкершілікке тартылатыны және қойылған талаптарды орындамаған жағдайда сот тағайындаған жазаны ауыстыру үшін сотқа ұсыныс жіберілетіні туралы түсіндірілді.

Тексеру барысында түнгі мезгілде тұрғылықты мекенжайында болмаған «Б» есімді тұлға анықталды. Тәртіп бұзушы бөлімшеге шақыртылып, жазбаша түсініктемесі алынды. Оған сот тағайындаған жазаны бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру үшін сотқа ұсыныс жіберілетіні туралы ескерту жасалды.

Жазасын өтеу кезінде бірнеше рет жаза өтеу шарттары мен тәртібін қаскөйлікпен бұзғаны үшін «М» есімді тұлғаға қатысты бас бостандығын шектеу жазасының өтелмеген бөлігін бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы аудандық сотқа ұсыныс жолданды. Егер де ұсыныс сотпен қанағаттандырылса, жаза өтеу мерзімінің қалған бөлігін ҚАЖ департаментінің қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтейтін болады.

Маңғыстау облысы бойынша
ҚАЖД баспасөз қызметі

ТАРАТУ

3. «AS Consalting» ЖШС, БСН 210740023364, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 17/4 үй, e-mailceo@dynasty.kz, тел.: +77017666766.

4.«Түркістан облысы туризм басқармасының «Turkistan Tourizm Center» туристік ақпараттық орталығы» ҚММ-сі БСН 151040013925, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды.Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше, 16 ғимарат.

5.ТОО «CleanService» (Клин Сервис)», БСН 200240015809, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: г.Алматы, Достык даңғылы, 192. Тел. +77017554087.

ӘРТҮРЛІ

2. Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 27 мамырдағы ұйғарымымен «ИнвестСпецСтрой» ЖШС-не, БСН 991140001216, қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы іс қозғалды.

9. «КАТКО» БК ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2022 жылғы 12 шілдеде сағат 15.00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шулаққорған а.о., Шұлаққорған ауылы, әкімдік ғимаратында мекенжайы бойынша хабарлайды. «№ 1 Южный учаскесіндегі МСУ68 блогына М4Ph2-1 құбырларының гидравликалық желілерін салу, ТНУ42, TNU43, TNU44, TS3Ph1-1 блоктарына ТНУ68, ТСУ69, ЦСУ71, TS2Ph2-173 блоктарына, TH2Px3 блоктарына, Түркістан облысы Созақ ауданындағы Мойынқұм кен орнының № 2 Төртқұдық учаскесінде TS2Ph4-1 TSU76, TSU77, TSU78 блоктарына». II кезең (құбырлардың гидравликалық желілері).

Жобалық құжаттама пакетімен ecoportal.kz бірыңғай экологиялық порталында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ электронды пошта арқылы қабылданады. мекенжайы: nurgul.baimenova@orano.group, ryssaldinov@mail.ru.

Жоба материалдарын қағаз түрінде мына мекенжай бойынша алуға болады: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тастин ауылдық округі, Тасты ауылы, 060 орам, 44 ғимарат.

Тапсырыс беруші – ЖШС БК «КАТКО» БСН: 981040001439 тел. 8(777)2364699 nurgul.baimenova@orano.group, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, 060 орам, 44 ғимарат.

Жобаны әзірлеуші И.П.Рысалдинов Д.С., ЖСН:790507302332 (+7(705)83-79-441 ryssaldinov@mail.ru), Ақтөбе қаласы, 11ш.а., 112Г үй, 36Б.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, соның ішінде карантин әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар видеоконференция түрінде өткізілетінін хабарлайды (Zoom Video Communications бағдарламасы арқылы, логин 525 698 6928, пароль 123456).

МҰРАГЕРЛІК

7. 17 наурыз 2022 жылы қайтыс болған Аманғали Әміржановтың артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, нотариус А.А. Амандықоваға мына мекенжайдағы, Авангард 3 ықш.ауд, 75 үй, 5 кеңсе хабарласуларын сұраймыз.

Алматы қалалық соты және Алматы қалалық Судьялар одағының филиалы, Алматы қалалық сотының судьясы Нұрділлә Сейтов пен Әуезов аудандық N2 сотының судьясы Райхан Сартаеваға және туған-туыстары мен жақындарына

Нұрсұлу САРТАЕВАНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты Ақмола облысы Аршалы аудандық сотының бұрынғы төрағасы

Мұрат Айтымұлы ӘМІРОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты оның отбасына және туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Ақмола облысының судьялар қауымдастығы отставкадағы судья

Мұрат Айтымұлы ӘМІРОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ТАЛҚЫ

РЕФЕРЕНДУМ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТАУЫ МА?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Азаматтық қоғамға аяқ басқан мемлекеттің ашық пікірі мен әртүрлі көзқарастарға көңіл бөлуі зайырлы ел ұстанымын білдіреді.

Бүгінгі талқы, талас тартыс та ел ертеңіне енжар қарамайтын кез келген ортадағы қалыпты қадам. Мұндай диалогтық ортада ақиқаттың айтылатыны анық. Мәселен, «Заң газетінің» 17 мамырдағы санында Алматы қалалық сотының судьясы Советхан Сәкенұлының «Жаңа Қазақстанға жаңа Конституция керек» атты мақаласы жарияланды. Мұнда өткізілейін деп жатқан референдумға байланысты үш үлкен мәселе айтылады. Онда дауыс берушілердің 33 баптағы 56 өзгерістің бірнешеуімен келісіп, бірнешеуімен келіспеген жағдайда қалай дауыс беретіні, Конституциялық Соттың құрылуы құптайтын өзгеріс болғанымен, олардың тағайындалуына Президенттің аралысуы сотты тәуелсіз ете алмайтыны айтылған. Сонымен қатар, мемлекеттік тіл мәселесінің көтерілмегеніне автор өз қынжылысын білдірген. Біз саяси науқан қарсаңында тағы біраз азаматтардың пікірін білдік.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Алтынай СЕРІКОВА,
Атырау қалалық сотының судьясы:

«Демократия мен заң үстемдігі күшейеді»

Республикамызда Конституциялық референдум өткізуге санаулы уақыт қалды. Егеменді еліміздің тарихындағы осынау елеулі оқиғаға белсене атсалысу – біздің әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз. Өйткені, бұл жолғы референдум – бүгінгі Қазақстанның, болашақ ұрпақтың тағдырына тікелей әсер етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бесінші маусымда жалпыхалықтық референдум өткізілетін болды. Конституциямыздың 33 бабына 56 өзгеріс енгізіледі. Менің мақсатым – халқыма мейлінше еркіндік беру, демократия мен заң үстемдігін күшейту. Президент ретінде ешқандай артықшылықтар мен жеңілдіктерге құмар емеспін. Мұндайды қаламаймын» – деп, алдағы референдумның ең негізгі мақсат-мүддесін айқындап берді.

1995 жылдан бері, яғни 27 жыл бойы еліміздe мұндай референдум өткізілмеген екен. Осы уақыт аралығында төрт рет Конституция өзгеріп, негізгі мәселелер Парламент арқылы шешіліп келді. Референдумда Ата Заңымыздың 33 бабына, яғни үштен бір бөлігіне өзгерістер енгізілмек. Атап айтқанда – жер, оның қойнауы, оның қазыналары халықтың меншігіне айналып, «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен мықты Парламентке сүйенетін Президенттік басқару үлгісіне көшетін боламыз. Нәтижесінде Президент өз қолынан өкілеттіктерінің біраз бөлігін Парламентке өткізіп, Парламенттің өкілеттігін кеңейтуді жоспарлап отыр. Референдумға белсене қатысу арқылы ондағы мәселелерге үн қосып, еліміздің жарқын болашағына, жаңа өміріне қадам жасайтын маңызды сәтті көп болып қолдауымыз керек. Бұл – тарихи сәт. Енді Республика Президентінің жақын туыстарының мемлекеттік саяси қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы болмайды.

Біздің негізгі мақсатымыз – Конституциялық реформаны мұнайлы өлке тұрғындарына мейілінше сауатты түрде жеткізу. 5 маусымда болатын жалпыұлттық референдум мемлекеттің әрбір азаматына үлкен жауапкершілік жүктеп қана қоймай, алдағы күнге маңызды қадам жасауға жол ашады. Қасым-Жомарт Кемелұлы алғаш Президент болып сайланғанда өзінің бағдарламасының негізгі өзегі етіп үш мәселені көтерді: Бірінші – халықтың әл-ауқатын көтеру, екінші – әділеттілік, үшінші – даму. Ендеше, алдағы референдумды Президентіміздің сайлауалды бағдарламаларының логикалық жалғасы деп қарауымыз керек .

Дос КӨШІМ, ***саясаткер:***

«Теңдік жоқ жерде – әділдік жоқ»

Бірінші мәселемен толық келісемін. Қоғам өмірінің барлық саласын (адам құқығы, билік тармақтары, Президент құзыреті, т.т.) қамтитын сан түрлі баптарға бір жауап – дұрыс емес. Бұл «оптом» дауыс беру, баяғыдағы үнді шайына грузин шайын қосып сататын кезеңді еске түсіреді. Өз басым, референдумға ұсынылған баптарды талдап, әрқайсысына баға беріп, ол бағамды дәлелдеп көрдім. Бес өзгерісті қолдап, он біріне қарсы болыппын. Енді мен қалай дауыс беруім керек?

Екінші мәселе: Өкінішке қарай, ұсынылып отырған өзгерістер Президенттің билігін шектеп, Парламенттің құзыретін кеңейтеді деген тұжырымның дәлелі жоқ. Керісінше, Президентке берілген билікті күшейту басым. Бір ғана мысал: 1992 жылдың 5 маусымында қабылданған «Конституциялық Сот туралы» заңда Конституциялық Соттың он мүшесін Парламент сайлайды деген тұжырым бар болатын. Ал мына өзгерістерде Конституциялық Соттың төрт мүшесін Президент ұсынады. Бұл алға басу ма, әлде кері кету ме, бағасын өздерің беріңдер.

Үшінші мәселе, егер референдум сұрақтарын дайындау, дауыс беру тәртібін анықтау, т.б. көңіл аударсақ, қазақ тілі мәселесінің күн тәртібінен түсіп қалуына таң қалуға болмайды деп ойлаймын. Жалпы алғанда, референдум үш негізгі кезеңнен тұруы керек еді. Біріншіден, Конституцияның ішіндегі қандай баптар ескірді, қандай баптар бүгінгі күннің талабына сай емес, қайсысын өзгерту, ал қайсысына толықтыру жасау керек деген мәселе талқыға түсу керек болатын. Бұған Парламент мүшелері мен азаматтық қоғам өкілдерінің белсене қатысуына жағдай жасалуы керек еді. Екіншіден, референдумға шыққан баптар екі жақты талдауға түсуі шарт. Біріншісі – қолдаушылар болса, екіншісі – осы өзгертулерге қарсы пікір білдірушілер. Екі жақтың мүмкіндігі тең болуы керек. Бағасын халық береді. Теңдік жоқ жерде – әділеттік жоқ.

Марат ТОҚАШБАЕВ, ***жазушы-публицист:***

«Сот билігі халықтың бақылауында болуы тиіс»

Әлемдік тәжірибеде Конституция елдің тәуелсіздік пен демократиялық бағытта дамуын қамтамасыз ете отырып, бүкіл қоғамның алдағы жүз-жылдықтарда тоқтаусыз жылжуына мүмкіндіктер беретін басты құжат болып саналады.

Қазақстанның қолданыстағы Конституциясында шикіліктер көп. Жаңа Қазақстан құруды көздеген Тоқаев билігі Ата Заңымызға өзгерістер енгізу арқылы сол шикіліктерді түзетіп, Назарбаев режиміне ыңғайланған негізгі заңды демократиялық бағытқа көшіргісі келеді. Бұл құптарлық қадам. Ұсынылып отырған толықтырулар мен өзгерістер дені сол мақсатқа қызмет етеді.

Қолданыстағы Конституцияда қазақ халқының мемлекет құрушы мәртебесі «ұмыт» қалған. Қазақстан Республикасы – қазақ ұлтының өзінөзі билеу формасы екендігі баянды етілмеген. Бұл – қолданыстағы негізгі заңның басты қателігі.

Қазақ халқы бір жарым ғасырлық жоңғар басқыншылығына қарсы жеке-дара соғысып ата-баба жерін қорғап қалғаны баршаға мәлім. Ресей империясына бодан болған 1731 жылдан 1991 жылға дейін 260 жылда 400 реттен астам ұлт-азаттық көтерілісіне шықты. 1991 жылы 16 желтоқсанда Көкбайрағы желбіреген тәуелсіз Қазақстан – сол азаттық сүйгіш қазақ халқының үздіксіз күресінің жемісі – тәуелсіздігі! Елімізді мекендейтін диаспоралар мен түрлі ұлт өкілдері конституциялық деңгейде осы ерекшеліктерді білуге тиіс!

Қазақ халқының мемлекет құраушы мәртебесі Конституцияда қамтылмауы салдарынан өзге ұлт өкілдері қазақтарға менсінбей диаспора деңгейінде қарайды. Ұмытсаңыздар еске салайын, қазақ-чешен (Жаңаөзен –1989), (Өскемен–1992), (Ақтау–2006), (Маловодное–2007), қазақ-түрік (Теңіз–2006), (Буырыл–2016), қазақ-ұйғыр (Шелек–2006), қазақ-күрд (Маятас–2007), қазақ-тәжік (Бостандық ауылы, ОҚО –2015), қазақ-армян (Қарағанды–2018), қазақ-дұңған (Қордай–2020) қақтығыстары соның дәлелі.

ҚР ең алдымен қазақ мемлекеттілігін дамытуға қызмет етуі керек. Мемлекеттік тіл – соның бір саласы. Конституциядағы мемлекеттік тіл нормасына қатысты 7-баптың үнемі екіұдай талас тудыратын 2-тармағы Ата Заңымыздан алынып тасталғаны дұрыс.

Сондықтан өзгерістер ең алдымен Ата Заңның аңдатпасынан (преамбуласынан) басталу қажет. Біздің Ата Заңымыз: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып» деп басталады ғой. Соның алғашқы үш жолына төмендегідей мәтінде өзгеріс енгізілуі қажет деп есептеймін:

«Біз, Қазақ халқы мемлекет құраушы ұлт ретінде өз атамекенімізде мемлекеттілік құра отырып, оны мекендеуші басқа ұлт өкілдерінің азаматтық құқықтарын сақтай отырып», деп ары қарай мәтін бойынша кете береді. Қазақ халқы Ата Заңында өз рөлінің айқын көрсетілуіне 27 жылдан бері мұқтаж.

Сондай-ақ, Конституциялық сот пен Жоғарғы Сот судьялары бүкілхалықтық сайлау жолымен, аудандық, қалалық, облыстық сот судьялары тиісінше сол өңірлік сайлау округтері арқылы сайланғаны дұрыс болады. Сот билігін Президенттік тағайындаулар арқылы жүзеге асыру нағыз коррупцияның ошағына айналатынын өмір көрсетіп берді. Сот билігі халықтың бақылауында болуға тиіс.

Тағы бір шетін мәселе. Халық санағының мәлім болған соңғы деректерінде Қазақстандағы қазақ халқы 70 пайыздан асты. Яғни, қазақтар жалпы тұрғындардың үштен екісінен асқандықтан көпұлтты емес моноэтникалық мемлекет болып табылады. Сондықтан, Қазақстан халқы ассамблеясы сияқты түкке қажетсіз ұйым туралы норма Ата Заңнан аластатылуы жөн болады.

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №74 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31